




ALMATY
POLYTECHNIC
COLLEGE
SINCE 1940



АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ПОЛИТЕХ
ЛЕГЕНДАРНЫЙ ПОЛИТЕХ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Бас редактор:

Омарбеков Медет Асетович – ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE директоры

Жауапты редактор:

Мәлікова Маржан Сабырқызы – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

Редакциялық кеңес мүшелері:

- Абылханова Назым Жумахановна – директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
- Абдраймова Асыл Әділмұратқызы – директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
- Косерова Нағашкуль Макеновна – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
- Дюсембекова Ардақ Қанатханқызы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
- Ахметова Алмагуль Апетаевна – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
- Рахметова Лязат Кемелбаевна – колледжд әдіскері

Дизайн және беттеу:


Қабылбек Ағызамбек – директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары

Еркінбек Батыр – өндірістік оқыту шебері

Келіс Айбол – өндірістік оқыту шебері

Басылымға жауапты:

Қабылбек Ағызамбек – директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары





КІРІСПЕ

85 жыл – бұл уақыт өлшемі ғана емес, ұрпақтар сабақтастығы мен рухани мұраның айғағы. ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – өткен ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастау алып, бүгінгі күнге дейін мыңдаған жасқа сапалы білім мен кәсіби жол көрсеткен іргелі оқу ордасы.

Осы жылдар ішінде колледжіміз еліміздің білім беру кеңістігінде ерекше орын алып, мыңдаған түлекті қанаттандырды. Олардың әрқайсысы өнеркәсіптен бастап, телекоммуникация мен ақпараттық технологиялар саласына дейінгі түрлі бағыттарда еңбек етіп, Қазақстанның дамуына сүбелі үлес қосты. Журналымыздың бұл мерейтойлық басылымы – тек тарих шежіресін жазып қана қоймай, әр дәуірдің жетістігін айқындайтын айнасы. Мұнда колледждің алғашқы қадамдары мен соғыс жылдарындағы қайсарлығы, тәуелсіздік кезеңіндегі өрлеуі, қазіргі цифрлық дәуірдегі жаңашылдығы тоғысып жатыр. Бұл мерейтой – тек өткенді еске алу емес, бүгінгі күнге баға беріп, болашаққа бағыт сілтейтін ерекше сәт. 85 жылдық тарих – ұстаздардың қажырлы еңбегі, студенттердің талпынысы, түлектердің табысы мен әлеуметтік серіктестердің қолдауының жемісі.

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – дәстүрін сақтап, инновацияға ұмтылған білім ордасы. Бүгінгі журнал – біздің өткенімізді дәріптеп, бүгінімізді бағалап, болашағымызды айқындайтын мерейлі беттер.



ALMATY POLYTECHNIC
COLLEGE
SINCE 1940





ЭЙГІЛ ЖЕТІСТІКТЕР ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СЛАВНЫХ СВЕРШЕНИЙ

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE тарихы 1940 жылдан, Алматы кинотехникумының құрылуынан бастау алды. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1940 жылғы 11 қыркүйектегі №405 бұйрығына сәйкес, Қазақстан астанасында аймақтағы тұңғыш кинотехникум ашылды. Өзінің қызмет еткен жылдары ішінде оқу орны бірнеше рет бейінін де, мәртебесін де өзгертті, алайда әр кезеңде халық шаруашылығы мен технологиялық салалар үшін мамандар даярлайтын оқу орны болып қала берді.



Ұлы Отан соғысы оқу орнының өмірін түбегейлі өзгертті. «Барлығы майдан үшін – барлығы Жеңіс үшін!» деген ұранға көптеген оқытушылар мен студенттер үн қосып, майдан даласына аттанды. Олардың қатарында алғашқы директорлар мен педагогтар — Л.К. Шакала, А.В. Брежнев, Ж.А. Алимжанов және басқа да ұстаздар болды. Соғыс жылдарындағы маңызды оқиғалардың бірі – Витебск кинотехникумының Алматыға эвакуациялануы еді. Оның студенттері мен оқытушылары біздің оқу орнының ұжымына қосылып, ортақ мақсат жолында білім беру ісін жалғастырды. Бұл бірлік оқу процесінің үздіксіз жүргізілуіне, сондай-ақ кадрлық әлеуеттің сақталуына зор ықпал етті.



1940–1945

соғыс жылдарындағы қалыптасуымен сын-қатері

Колледждің бастауында тұрған Алма-Ата кинотехникумы елдің шығысындағы тұңғыш және жалғыз, ал бүкіл КСРО бойынша бесінші оқу орны болды (Ленинград, Загорск, Ростов және Витебск кинотехникумдарынан кейін). Оның алғашқы оқу жылы 1940 жылдың қазан айында басталып, 96 студент білім ордасының табалдырығын аттады. Дегенмен, соғыстың ауыртпалығы салдарынан 1944 жылы олардың тек 9-ы ғана оқуын аяқтады. Алғашқы түлектердің есімдері тарихта ерекше орын алды: Алеева Аэлига Николаевна, Баженова Валентина Степановна, Глухова Магдалина Георгиевна, Гришин Алексей Иванович, Гузева Нина Николаевна, Денисенко Софья Петровна, Полумискова Капитолина Петровна, Стародубцева Мария Павловна, Уланова Александра Ефимовна. Бұл тұлғалар колледж тарихының алғашқы парақтарын жазып, ауыр кезеңде білімге деген табандылықтың символына айналды.

1946–1965

соғыстан кейінгі қайта өркендеу және жаңа мамандықтар



Соғыстан кейінгі жылдары кинотехникум тек кинематография саласы үшін ғана емес, бүкіл Орталық Азия экономикасы үшін кадрлар даярлайтын маңызды орталыққа айналды. Колледж түлектері Кеңес Одағының түкпір-түкпірінде еңбек етті. Кадрларды даярлау бағыты халық шаруашылығының нақты қажеттіліктеріне сәйкес айқындалды.

Алғашқы кезеңде техникум киноқондырғыларды басқару операторлары мен фильмдерді монтаждаушыларды дайындаумен шектелсе, уақыт өте келе мамандықтар аясы кеңейді. 1965 жылы кәсіпорындар үшін аса қажетті «Бухгалтерлік есеп» мамандығы ашылып, оқу орны жаңа экономикалық бағыттарды қамти бастады.

XX ғасырдың орта шеніне қарай колледж бірнеше бөлімшелерге ие болып, киноқондырғылар бойынша техник мамандар даярлаумен қатар, киностудиялар мен фильмдерді прокаттау ұйымдары үшін экономикалық мамандарды да кәсіби тұрғыда даярлайтын оқу орнына айналды.



1965–1980

техникалық
прогресс және
профильдің
кеңеюі

1965–1980 жылдар аралығы – өнеркәсіп пен информатика саласының қарқынды дамыған кезеңі. 1972 жылы техникум Қазақстанда алғашқылардың бірі болып «Есептеу техникасы» және «Автоматтандырылған басқару жүйелері» мамандықтарын ашты. Бұл қадам сол уақыттағы ақпараттық-технологиялық серпіліске бейімделудің айқын көрінісі болды. ЭЕМ-дерді кеңінен енгізу жаңа мамандарға деген сұранысты арттырды, сондықтан оқу орны оқу бағдарламаларын қайта құруға кірісті.

1970–1980 жылдарға қарай техникум іс жүзінде көпбейінді оқу орнына айналды. Кинематография саласымен қатар, байланыс, радиоэлектроника, есептеу техникасы және экономика бағыттары бойынша да кадрлар даярлау жолға қойылды. Осы кезеңде Алма-Ата кинотехникумы Қазақстандағы өнеркәсіптік кәсіпорындарға техникалық мамандар даярлайтын жетекші орталықтардың біріне айналды. Мыңдаған түлектер жаңа зауыттардың салынуына, байланыс желілерінің дамуына және республикада алғашқы автоматтандырылған өндіріс басқару жүйелерін енгізуге елеулі үлес қосты.



1970–1980 жылдарға қарай техникум іс жүзінде көпбейінді оқу орнына айналды. Кинематография саласымен қатар, байланыс, радиоэлектроника, есептеу техникасы және экономика бағыттары бойынша да кадрлар даярлау жолға қойылды. Осы кезеңде Алма-Ата кинотехникумы Қазақстандағы өнеркәсіптік кәсіпорындарға техникалық мамандар даярлайтын жетекші орталықтардың біріне айналды. Мыңдаған түлектер жаңа зауыттардың салынуына, байланыс желілерінің дамуына және республикада алғашқы автоматтандырылған өндіріс басқару жүйелерін енгізуге елеулі үлес қосты.



1989 жылы жаңа кезең басталды: КСРО-ның ауыр машина жасау министрлігінің бастамасымен Алматы машина жасау техникумы ашылды. Оның басты мақсаты – жаңадан салынып жатқан «Гидромаш» зауыты үшін орта буын мамандарын даярлау еді. Осылайша, КСРО ыдырауы қарсаңында қалада екі өзара жақын бағыттағы орта техникалық оқу орны – кинотехникум мен машина жасау техникумы қатар жұмыс істеді. Кейін олардың тағдыры тәуелсіз Қазақстан жағдайында тоғысып, бір-бірімен тығыз байланыста дамуын жалғастырды.



БАСШЫЛАРҒА ТАҒЗИМ

Біздің оқу орнымыз қалай аталса да, әр дәуірде оны басқарған тұлғалардың еңбегін еске алмай мүмкін емес. Әрқайсысы өз кезеңінде ұжымды алға жетелеп, оқу орнының материалдық-техникалық базасын дамытуға, білім беру процесін жетілдіруге елшеусіз үлес қосты.

КОЛЛЕДЖДІ БАСҚАРҒАН ДИРЕКТОРЛАР:

КОЛЛЕДЖДІ БАСҚАРҒАН ДИРЕКТОРЛАР:

- Шакала Л.К.** — қазан 1940ж. – маусым 1941ж.
- Алимжанов Ж.А.** — маусым 1941ж. – наурыз 1942ж.
- Жук А.А.** — сәуір 1942ж. – қыркүйек 1944ж.
- Чудновский И.Я.** — қыркүйек 1944ж. – қазан 1945ж.
- Иванов Г.А.** — тамыз 1947ж. – мамыр 1948ж.
- Павловский О.В.** — мамыр 1948ж. – қаңтар 1954ж.
- Сейпұльник В.А.** ақпан 1954ж. – қыркүйек 1955ж.
- Дернова-Семенюк Л.А.** қыркүйек 1955ж. – шілде 1968ж.
- Дмитриев Л.Ф.** шілде 1968ж. – шілде 1973ж.
- Возовиков П.П.** қыркүйек 1973ж. – шілде 1979ж.
- Түркпенов Ж.Т.** ақпан 1954ж. – қыркүйек 1955ж.
- Санбаев Х.Х.** қараша 1985ж. – қаңтар 1991ж.
- Нүсүпбеков С.И.** наурыз 1991ж. – қыркүйек 2012ж. аралығындағы колледж директоры
- Жабықбаев Н.Ж.** қыркүйек 2012ж. – қыркүйек 2017ж. аралығындағы колледж директоры
- Омарбеков М.А.** қыркүйек 2017ж. қазіргі уақытқа дейін колледж директоры

ТАРИХТА ҚАЛҒАН ЕСІМДЕР

Соғыс жылдарының ең ауыр кезеңінде оқу орнын басқарған **Аким Акимович Жук** студенттердің жадында қамқор, сезімтал әрі жанашыр басшы ретінде қалды. Ол жастардың рухын көтеру мақсатында тегін кино көрсетілімдерін ұйымдастырып, олардың мәдени өміріне серпін берді. Бұл дәстүр күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді.

Израиль Яковлевич Чудновский Ленинград кинотехникумында ұзақ жылдар ұстаздық етіп, кинотехникалық бағыттағы оқу орындары үшін оқулықтар жазды.



Сейпұльник Виктор Антонович директорлық қызметінен кейін оқу ісі жөніндегі орынбасар болды. Зейнетке шыққаннан кейін де математикадан сабақ беріп, техникуммен байланысын үзбей жалғастырды.



Дернова Лидия Александровна - Семенюк оқу орнын 13 жыл басқарды. Оның есімі сырттай оқу бөлімінің ашылуымен, жаңа мамандықтардың енгізілуімен және бағдарламаланған оқыту жүйесін алғаш енгізумен тікелей байланысты.



Дмитриев Леонид Фролович – техникум түлегі ретінде оқу орнында жаңа заманға сай мамандықтарды: электронды-есептеу техникасы, бағдарламалау және есептеу жұмыстарын механикаландыру салаларын ашуға бастамашы болды.



Возовиков Петр Павлович ұзақ жылдар бойы қоғамдық пәндерден дәріс берді. ОАТЭК кешенінің қоғамдық өміріне үлес қосқан адақты ардагер.



Жолмұхан Түркпенұлы Түркпенов жастардың еңбек тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Кейін педагогика ғылымдарының кандидаты атанып, жас оқытушыларға тәлімгер болды. Оның немересі де колледж түлегі ретінде әулеттік білім дәстүрін жалғастырды.



Санбаев Хамит Хамзаұлы қиын кезеңдерге қарамастан жастарға сапалы білім беруді басты мақсат етті. Кейін «Жібек жолы» акционерлік қоғамын басқарды.



Нүсүпбеков Серік Имансерікұлы 1991-2012 жылдар аралығында оқу орнының дамуына тың серпін берді. Оның басшылығы кезінде материалдық-техникалық база нығайып, оқытушылардың әлеуметтік жағдайы айтарлықтай жақсарды.

Колледж ұжымы жатақханаларды жекешелендіру арқылы 40-тан астам мұғалім мен қызметкер баспаналы болды.



Жабықбаев Нұрдәулет Жақыпбекұлы 2012–2017 жылдары колледж директоры қызметін атқарды. Оның басшылығы кезінде оқу орны жаңа инфрақұрылымдық өзгерістерді бастан

кешіріп, білім беру сапасын арттыруға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асты. Бүгінде ол «Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің» директоры ретінде білім саласындағы еңбегін жалғастыруда.



Омарбеков Медет Асетович 2017 жылдан бері колледждің директоры ретінде дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіріп, ұжымды жаңа белестерге жетелеуде. Оның басшылығымен


колледждің материалдық-техникалық базасы түбегейлі жаңартылып, оқу процесіне заманауи цифрлық технологиялар кеңінен енгізілді. Сонымен қатар, халықаралық серіктестік ауқымы айтарлықтай кеңейіп, студенттердің кәсіби дайындығын әлемдік стандарттарға жақындатуға бағытталған жаңа бастамалар жүзеге асырылуда.



ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ІРГЕТАСТЫ НЫҒАЙТУ

СЕРІК ИМАНСЕРІҚҰЛЫ НҮСІПБЕКОВТИҢ БАСШЫЛЫҒЫ КЕЗЕҢІ (1991–2012 ЖЖ.)

КСРО ыдырағаннан кейін техникумдар жүйесінде бірқатар реформалар жүргізілді. 1997 жылы ҚР Министрлер Кабинетінің қаулысымен кинотехникум мен машина жасау техникумы Қазақ ұлттық техникалық университетінің құрамына енгізіліп, «ҚазҰТУ политехникалық колледжі» «Алматы политехникалық колледжі» болып қайта аталды. Осы сәттен бастап оқу орны үшін жаңа дәуір басталды. Біріктірілген колледждің директоры болып Серік Имансеріқұлы Нүсіпбеков тағайындалды. Ол жаңа колледжде кино және машина жасау техникумдарының дәстүрлері сақталып қана қоймай, одан әрі дамуы үшін зор еңбек сіңірді.



1999 жылы колледж жанынан екі жаңа оқу орны құрылды – Орталық Азия техникалық-экономикалық колледжі (ОАТЭК) және Кино және теледидар техникалық-экономикалық академиясы. ОАТЭК-тің кадрлық әлеуетін нығайту мақсатында Алматы политехникалық колледжі өз құрамынан 13 тәжірибелі оқытушыны аталған оқу орнына жіберді. Осылайша, «колледж – университет» қағидаты бойынша үздіксіз білім беру жүйесін қамтитын өзіндік білім беру кешені құрылып, оған академия, политехникалық колледж және ОАТЭК енді.

Тәуелсіздік жылдарында колледж білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының жаңа талаптарына сәйкес жедел қайта құрды. Егер кеңестік кезеңде негізгі басымдық өнеркәсіп пен кино саласына мамандар даярлауға берілсе, 90-жылдардың соңына қарай негізгі бағыт ақпараттық технологиялар, радиоэлектроника және телекоммуникация салаларына ауысты. Нәтижесінде, Алматы политехникалық колледжі жаңа мыңжылдықты заманауи әрі сұранысқа ие оқу орны ретінде қарсы алды. Ол тәуелсіз Қазақстан экономикасының қажеттіліктеріне икемді жауап беретін білім беру мекемесі ретінде беделге ие болды.



Колледж ресми мемлекеттік мәртебе мен лицензиялармен жаңа мыңжылдыққа қадам басты. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Алматы политехникалық колледжіне жаңа мамандар даярлауға арналған лицензия берді. Бұл лицензия машина жасау мен бухгалтерлік есептен бастап есептеу техникасына дейінгі кең ауқымды мамандықтарды қамтыды. 2009 жылға қарай колледж ақпараттық технологиялар мен электроника салаларында жаңа бағыттар ашып, мамандықтар тізімін ақпаратты автоматтандырылған өңдеу жүйелері, ақпараттық жүйелер және басқа да техникалық бейіндермен толықтырды.

Колледж өзінің әлеуметтік миссиясына да ерекше көңіл бөлді. 2007 жылы Қазақстанда алғаш рет дәл осы оқу орнында есту қабілеті бұзылған студенттерге арналған оқыту ұйымдастырылды. Бұл бастама жастарға толыққанды техникалық білім алып, мамандық иесі болуға жол ашты. Білім беру туралы «мүгедектерді оңалту» жөніндегі бұйрыққа сәйкес, әлеуметтік қорғауға қол жеткізу үшін әрбір «есту қабілеті бұзылған баланың» қабілетін барынша дамытуға жағдай жасалды. Осылайша, колледж қоғамда «әлеуметтік лифт» ретінде танылып, мүмкіндігі шектеулі жастардың да кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін мекеме мәртебесіне ие болды.



2007 жылы қазақ тілі пәнінің оқытушысы К.Тортаева қалалық «Қазақ тілінің үздік оқытушысы» байқауында I орын иеленіп, бұл жетістік колледждің педагогикалық ұжымының жоғары кәсібилігін айқын көрсетті.

Келесі жылдары колледж өз беделін одан әрі нығайта түсті. 2008 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаулысымен колледжге бейінді мамандықтар бойынша Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік (РОЭБ) мәртебесі берілді. Бұл шешім Алматы политехникалық колледжінің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі үшін стандарттар белгілейтін, оқу бағдарламаларын әзірлейтін әдістемелік орталық ретінде мойындалғанын көрсетті. РОЭБ мәртебесі — үлкен құрмет қана емес, сонымен бірге зор жауапкершілік жүктеді. Колледж ұжымы бұл міндетті абыроймен атқарып, білім мазмұнын заман талабына сай үздіксіз жаңартып отырды.

Колледждің беделімен бірге республикалық деңгейдегі кәсіби байқаулардағы жетістіктері де арта түсті. 2009 жылы информатика пәнінің оқытушысы А.Ибраимова «Алтын диск – 2009» атты информатика оқытушылары арасындағы беделді республикалық байқауда жүлделі орын иеленіп, колледжге зор абырой әкелді. Бұл жетістік еріптестерін шабыттандырып, педагогикалық ұжымның кәсіби әлеуетін дәлелдеді. Кейінгі жылдары осы байқауда колледждің тағы бір өкілі – С.Бердібаева да жүлдегер атанып, Алматы политехникалық колледжінің талантты педагогтар ордасы ретіндегі беделін нығайтты.

Заманауи талаптарға сай колледж жаңа мамандықтарды енгізуді де жалғастырды. 2008–2009 оқу жылдарында оқу бағдарламалары ақпаратты автоматтандырылған өңдеу жүйелері, ақпараттық жүйелер және басқа да ІТ бағыттарымен толықты. Бұл өзгерістер колледждің ғылыми-техникалық прогреске ілесуге деген ұмтылысын және еңбек нарығының сұраныстарына бейімделу қабілетін айқын көрсетті.

2010 жылы колледждің бірқатар аға буын педагогтары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Көпжылдық адал еңбегі мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін Р.Сазанбаева, А.Манасова, Л.Исмайлова, К.Смакова және С.Сүлейменов Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен марапатталды. Бұл марапаттар – Алматы политехникалық колледжі оқытушыларының кәсіби шеберлігінің ұлттық деңгейде мойындалғанының айқын дәлелі болды.



МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ БАҒАЛАУЫ

ЖАБЫҚБАЕВ НҰРДӘУЛЕТ ЖАҚЫПБЕКҰЛЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ, 2012–2017 ЖЖ.



2012–2017 жылдары колледжді заң ғылымдарының кандидаты Нұрдәулет Жақыпбекұлы Жабықбаев басқарды. Оның басшылығымен оқу орнының инфрақұрылымы белсенді түрде жаңғыртылып, жаңа білім беру бағдарламалары әзірленді, материалдық-техникалық база түбегейлі жаңартылды, заманауи оқыту технологиялары енгізілді. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мен білім сапасын арттыруға ерекше назар аударылды. Бұл кезең колледж дамуының маңызды бетбұрысына айналып, оны заманауи әрі халықаралық деңгейде танылған оқу орны ретінде бекітті.

2012 жылы арнайы пәндер оқытушысы Ж. Алжамбекова республикалық педагогикалық шеберлік байқауында жеңіске жетіп, «2012 жылдың үздік педагогы» медалінің иегері атанды. Бұл жоғары марапат еліміздің ең талантты әрі нәтижелі ұстаздарына ғана берілетін атақ болып, Алматы политехникалық колледжінің білім сапасының биіктігін тағы бір мәрте дәлелдеді.



2013 жылы колледж халықаралық біліктілікті арттыру бағдарламаларына белсене қатыса бастады. Оқытушылар Н. Сейтов, М. Мәлікова, К. Қаржаубаева және А. Кеңес Түркияның Измир қаласында өткен өнеркәсіптік автоматтандыру технологияларын дамытуға арналған халықаралық жоба аясында тағылымдамадан өтті. Олар алған білімдері мен тәжірибелерін оқу процесіне енгізіп, студенттерді даярлау сапасын едәуір арттырды. Бұл қадам колледждің заманауи технологияларға негізделген білім беруге ұмтылысын және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән беретінін көрсетті.



2015 жыл колледж тарихында табыстарға толы жыл болды. Әртүрлі деңгейдегі жеңістер мен марапаттар оқу орнының мерейтойлық жылын даңққа бөлеп, беделін арттырды. Арнайы пәндер оқытушысы М. Мәлікова республикалық байқау қорытындысы бойынша «2015 жылдың Үздік педагогы» атағын иеленіп, жоғары кәсіби шеберлігін дәлелдеді. Осы жылы тағы бір педагог А. Бейсетбаев «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталып, ұстаздық дәстүр сабақтастығының айқын көрінісін көрсетті. Педагогикалық инновация да назардан тыс қалмады: А. Ахметова мен А. Дүйсенбаева республикалық «ТЖКБ жүйесіндегі Үздік интерактивті сабақ – 2015» байқауында I орын алып, оқытуда заманауи технологияларды шебер қолдана білетінін дәлелдеді. Бұл жеңістер колледждің шығармашыл, кәсіби және жаңашыл педагогтар ұжымына ие екенін айқындап, оны елдегі техникалық білім беру көшбасшыларының қатарына шығарды.

Студенттер де айрықша табыстарға қол жеткізді. Инклюзивті білім беру бағдарламасын сәтті жүзеге асырған колледж есту қабілеті бұзылған студент Б. Әбдірашитовтың шығармашылық әлеуетін ашуға жағдай жасады. Ол 2015 жылы Испанияның Барселона қаласында өткен қолмен ән айту халықаралық фестивалінде Гран-при иегері атанды. Бұл теңдесі жоқ жетістік – талант пен ұстаздардың қолдауы бар жерде ешқандай кедергінің табысқа тосқауыл бола алмайтынын көрсетті. Сол жылы колледж жаңа аренаға – WorldSkills кәсіби шеберлік чемпионаттарына шықты. «WorldSkills Almaty 2015» қалалық чемпионатында студент Н.Сисенов I орын алып, алтын медальға ие болды. Бұл жеңіс колледж студенттерінің WorldSkills қозғалысындағы болашақ табыстарының бастауы болды.

Келесі жылдары колледж даму қарқынын бәсеңдеткен жоқ. 2016 жыл да бірқатар жетістіктерімен есте қалды. Колледж кітапханасының меңгерушісі А. Сұлтанғалиева кітапхана ісіндегі кәсіби жетістіктері үшін «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Арнайы пәндер оқытушысы Қ.Якенова білім беру процесіне енгізген инновациялары үшін «Үздік новатор» медалінің лауреаты атанды. Сол жылы арнайы пәндер оқытушысы К. Қаржаубаева қалалық педагогикалық оқуларда I орын иеленіп, өз тәжірибесін әріптестер мен сарапшыларға ұсынды.



ЦИФРЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ОМАРБЕКОВ МЕДЕТ АСЕТОВИЧТИҢ БАСШЫЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ, 2017 ЖЫЛДАН БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН)



2017 жылдан бері колледжді Омарбеков Медет Асетович басқарып келеді. Ол оқу орнын цифрлық жаңғырту бағытын жүйелі түрде жалғастырып, басымдық ретінде инновацияларды енгізуді, тәжірибеге бағытталған оқытуды дамытуды және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуды айқындады. Оның басшылығымен ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE кәсіби шеберлік чемпионаттарына қатысу аясын едәуір кеңейтті: студенттер мен оқытушылар қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарда тұрақты түрде жүлделі орындар иеленіп, түлектердің жоғары дайындық деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеп келеді. Медет Асетович директор болып тағайындалғаннан кейін колледж жаңа серпін алып, даму бағыты заманауи талаптарға сай жаңаша сипатта өрістеді: білім беру үдерісін жетілдірумен қатар, инфрақұрылымдық құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілді. Бұл игі бастамалар бүгінде де өз жалғасын табуда.

2017 жылы колледж оқытушылары Қаржаубаева Құндызай Тортаевна, Сүгірбекова Эльмира Айтахынқызы және Амренова Айгүл Шотландияның Глазго қаласындағы GCU «Glasgow Caledonian University» кампусында ағылшын тілі бойынша біліктілігін арттыру курсынан өтті.

2017 жыл колледж үшін жеңістер жолының жалғасы болды. Электроника пәнінің оқытушысы К. Асильбеков Мәскеуде өткен «WorldSkills Russia - 2017» чемпионатында эксперт ретінде қатысып, «Электроника» құзыреттілігі бойынша демонстрациялық емтихан өткізуге атсалысты. Бұл – колледж педагогтарының тәжірибесі ел шегінен тыс сұранысқа ие екенін көрсетеді. Студент Д. Винокуров сол жылы «WorldSkills Kazakhstan» чемпионатында «Электроника» бағыты бойынша I орын алып кейін «WorldSkills Russia-2017» кезеңдерінің бірінде III орын иеленді.



Осы табыстар оған Қазақстан ұлттық құрамасына еніп, «WorldSkills Abu Dhabi - 2017» әлем чемпионатында ел намысын қорғауға жол ашты. Сол жылы колледж халықаралық институционалдық және мамандандырылған аккредитациядан сәтті өтті. Аккредитациялық сертификаттар оқу бағдарламаларының халықаралық сапа стандарттарына сәйкес екенін айқындап, ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуға жаңа мүмкіндіктер берді.

2018 жылы халықаралық деңгейге шығу үрдісі жалғасты. Студент Д.Винокуров Будапештте өткен «EuroSkills-2018» чемпионатына қатысып, Қазақстанды Еуропа жастары арасында таныстырды. Сол жылы «WorldSkills Kazakhstan - 2018» ұлттық чемпионатында студент И.Чупрынин «Бизнеске арналған IT-шешімдер» құзыреттілігі бойынша күміс медаль жеңіп алды. Педагогикалық ұжым да жоғары кәсіби деңгейін дәлелдеді: арнайы пәндер оқытушысы А.Дүйсенбаева «2018 жылдың Үздік педагогы» атанды; республикалық «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауында К. Қаржаубаева мен А. Әлімсейтова II орын иеленді. «Политех» бастауыш партия ұйымы республикалық «Үздік бастауыш партия ұжымы» байқауында I орын алды.



2019 жылы да ұжым жаңа биіктерді бағындырды. Арнайы пәндер оқытушысы А.Дүйсенбаева «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауында жүлделі орынды иеленді. Н.Косерова «Инклюзивті білім берудің үздік педагогы» республикалық байқауында I дәрежелі дипломмен марапатталды.



Ә.Кенжегазин студенті «Қазақстан колледждерінің ТОП-100 студенті» ұлттық байқауында жеңімпаз атанды. «Ел үміті» жобасы аясындағы жастар форумына 3-курс студенті Қараш Айғаным қатысып, «El Ümiti Marafony 2019» марапатын иеленді. WorldSkills Kazakhstan 2019 ұлттық чемпионатында В.Скубиев студенті «Ақпараттық кабельдік желілер» құзыреттілігі бойынша алтын медаль жеңіп алды. «Педагогикалық идеялар панорамасы – 2019» байқауында колледж оқытушылары жүлде орындарды иеленді: А.Дүйсенбаева, А.Четыкбаев, А.Мергенбаева, Т.Қасенов, Г.Иманғалиева.



«Жас маман» мемлекеттік жобасы (2019) аясында колледж елдің 200 жетекші оқу орны қатарына еніп, қатысу құқығын алды. Жоба шеңберінде заманауи жабдықтар мен зертханалар алынып, оқу процесі халықаралық стандарттарға сай ұйымдастырылды. Дайындау бағыттары:

- Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету техниктері – IT және экономиканы цифрландыру;
- Аудио-видео операторлар мен монтаждаушылар – медиа және цифрлық контент индустриясы;
- Техник-механиктер – инженерлік және өндірістік салалар.

Жоба материалдық-техникалық базаның есуіне қуатты серпін беріп, жаңа оқыту әдістерін енгізуге, оқытушылар біліктілігін арттыруға және жұмыс берушілермен серіктестікті нығайтуға мүмкіндік берді.



2020 жыл – жаһандық сын-қатерлерге қарамастан, бастамалар мен жеңістер жылы. Арнайы пәндер оқытушысы М.Мәлікова Алматы қаласы әкімінің атаулы грантын жеңіп алып, ҚР Президентінің Жарлығымен «Халық алғысы» медалімен марапатталды. Кітапхана меңгерушісі А.Сұлтанғалиева «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» атағын алды. Пандемия жағдайында да халықаралық ынтымақтастық жалғасты: оқытушылар Қ.Якенова мен М.Мәлікова Германияның FESTO компаниясы ұйымдастырған «Индустрия 4.0» курсына қатысып, Түркиядағы оқу орталығында білім алды. Колледж студенттері «WorldSkills Russia-2020» чемпионатының бір кезеңінде жарқын нәтижелер көрсетті: А.Жұмаш («Графикалық дизайн») – алтын, И.Бубенцова, И.Вишнякова («Желілік және жүйелік өкімшілендіру») – алтын, Т.Потешкина («Веб-дизайн») – күміс.



Материалдық-техникалық база соңғы он жылда түбегейлі жаңарып, «ақылды кампус» деңгейіне көтерілді: 500-ден астам компьютер, жүздеген интерактивті панельдер мен интеллектуалды камералар, Face ID жүйелері, заманауи желілік инфрақұрылым. Негізгі хаб – IT Center: Cisco академиясы, Apple курстары, Festo мехатроника зертханалары, веб-әзірлеу, 3D-модельдеу, CAD инженерлік графикасы бағыттары бойынша оқу жүргізіледі. Бұл орта студенттерге нақты өндірістік құралдармен жобалар орындауға және технология дәуіріне қажет құзыреттерді қалыптастыруға жағдай жасайды.

Техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі- оқытудың дуалды жүйесі енгізілді. 2010-жылдың екінші жартысынан бастап, өндірістік тәжірибе күшейіп, 2020 жылға қарай оқу уақытының 60–70%-ы нақты жұмыс орындарындағы практикаға айналды. Тәжірибе мен үлгерімді бақылау үшін цифрлық платформалар және Attendix жүйесі енгізілді. Колледж деректеріне сәйкес, түлектердің 82%-ы оқуды аяқтағаннан кейін жұмыспен қамтылады.



2021 жылы педагог А. Дүйсенбаева ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың қолынан «Халық алғысы» медалін алды. «WorldSkills Kazakhstan - 2021» ұлттық чемпионатында: А. Иманжан «Фотография» – алтын, А. Бишоф «Видеопродакшн» – алтын, И. Сбитнев «Компьютерлік ойындарға арналған 3D-модельдеу» – алтын. Командалық жарыстарда: Т. Массалиев, В. Избицкий «Мехатроника» – қола, Ю. Кринвальд «Электроника» – қола. С. Рысбаев «CAD-инженерлік графика» және Д. Жансерік «Ақпараттық кабельдік желілер» - «Medallion for Excellence» иегері атанды. Марапаттар саны бойынша колледж ұлттық рекорд орнатып, көшбасшылар қатарына шықты.



Студенттік табыстар: Д. Сисенбай – «ТОП-100 студент», А. Печеконев – «UpGrade-2021» жәрмеңкесінде «Робототехника» номинациясы бойынша I орын, Жұмабек Аяжан – қысқы Спартакиадада керлингтен I орын, Борисова Анастасия – «Мен-кәсіпкермін» республикалық турнирінде II орын.

2022 жылы жас оқытушы Қ. Жеделова қалалық «Жұлдызыңды жақ» байқауында Гран-при иеленді. Бірқатар қалалық марапаттар: Ү. Байсугурова, М. Мағруфова – «Қазақ тілін оқытудың үздік әдістемесі» III орын; А. Мұхтарова – «Кәсіптік білім берудегі тілдерді оқытудың инновациялық әдістері» III орын; Ж. Қуандық – «Педагог-шебер» бағдарламасындағы «Ақылды сабақ – білім сапасын көтеру» жобасы III орын. Студент А. Хасенов – «ТОП-100 студент – 2022» жеңімпазы; «POLYTECH JASTARY» ұйымы қалалық жобаларда жоғары нәтижелер көрсетті. А. Печеконев Франциядағы «Abilympics» халықаралық шеберлік олимпиадасына қатысып, колледж беделін арттырды. Осы жылы POLYTECH командасы қалалық «Ойкөкпар» зияткерлік ойындарында жеңімпаз атанды. Жұмабек Аяжан ҚР IV қысқы жастар ойындарында керлингтен жеңіске жетті.

Колледждің педагогтары мен студенттерінің кәсіби жетістіктері соңғы жылдары айрықша нәтижелермен толықты. Олардың табыстары білім беру сапасының жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар ұжымның үздіксіз ізденісі мен бәсекеге қабілеттілігін де айқын көрсетеді.

«WorldSkills Kazakhstan- 2022» аясында И.Сбитнев Қазақстан чемпионы атанып, Оңтүстік Кореяның Коян қаласындағы халықаралық чемпионатта ел намысын қорғады (эксперт-компатриот – Ж.Бақытбекқызы).



Сонымен қатар, республикалық деңгейде жүлделі орын иегерлері қатарында Б. Еркінбек («Графикалық дизайн»), К. Алиев пен Э. Халметов («Мобильді робототехника»), А. Алмабекұлы («Желілік және жүйелік әкімшілендіру») бар және Н. Бейсенов пен А. Швецов («Мехатроника»), Е. Толстов («Электроника»), Б. Газиев («CAD»), А. Хасенов («Прототиптеу») кәсіби шеберліктері үшін арнайы марапаттарға ие болды.



Педагогтар жетістігі (2022 ж.): «Педагогикалық идеялар панорамасы – 2022» байқауында А.Оразымбетова, И.Нурекенова, Б.Маха, Э.Кожажулова жүлделі орындарға ие болды. IT бағытындағы республикалық байқауда К. Алиев («Мобильді робототехника»), А. Кабылбек («CAD»), Ж. Турысбек («Желілік және жүйелік әкімшілендіру») үздік нәтиже көрсетті.

2023 жылы да педагогтар мен студенттер жеңістер эстафетасын жалғастырды. Алматы қалалық жергілікті кәсіптік одағы «Ұстаз» байқауында М.Е.Турсынбаева, қалалық «Үздік педагог – 2023» байқауында Г.А. Орыншайхова, IT саласы бойынша А.Т.Құмарбек, республикалық IT-байқауда,

Б.Д. Еркінбек, қалалық педагогикалық оқуларда А. Ж. Сисенбаева жүлделі орын иегері атанды. Ал «Polytech FTC Team» командасы халықаралық чемпионатта жүлделі орын алып, «Control Award Winner» және «Finalists Alliance» марапаттарына ие болды.

2024 жыл колледж тарихында айрықша табыстармен есте қалды. М.Мәлікова мен А.А.Дүйсенбаева – «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атанды. «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауында Ж.Д.Байбалакова, С.Б.Джумагазиева, Б.Ержанқызы, А.С. Оразымбетова, Н.А.Тортаева, А.Е.Баймолда жүлделі орындарды иеленді. Сонымен қатар, А. С. Оразымбетова «Бабалар даналығы» челленджінде және педагогикалық оқуларда, Ж. Д. Байбалакова республикалық кезеңде жүлделі орынға ие болды. ТЖКБ ұйымдарының кәсіби байқауларында Е. Даурен, К. Айбол, С. Сағыныш, М. Қанапия, А. Тлеубек, Г. Утеген, Н. Мамитбеков, А. Әлімбаев, Б. Әуезхан үздік нәтиже көрсетті. Сонымен қатар Г. А. Орыншайхова «Ұлттық сана және ХХІ ғасырдағы білім» педагогикалық оқуларында, С.Д.Бердибаева, Г. А. Орыншайхова мен Ж.Д.Байбалакова «Ақылды сабақ» жобасында, А. А. Келіс пен М. Қанапия ІТ бойынша республикалық байқауда, ал М. Т. Исмагамбетова «Жас төраға – 2024» байқауында жүлделі орын иегері атанды.

2024 жылы колледждің 85 жылдық мерейтойы қарсаңында ерекше мәнге ие оқиға орын алды – Нүсіпбеков атындағы мұражай ашылды. Мұражай 1991–2012 жылдары колледжді басқарған көрнекті тұлға Серік Имансерікұлы Нүсіпбековтің есімімен аталып, оқу орнының тарихын жүйелі түрде сақтауға және жас ұрпаққа патриоттық әрі рухани-адамгершілік тәрбие беруге қызмет етуде. Мұражайда тақырыптық экскурсиялар, ардагерлермен кездесулер, ерлік сабақтары мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, студенттердің тарихи жады мен азаматтық жауапкершілігі нығайтылуда.

Осы жылы колледждің инновациялық инфрақұрылымы да жаңа деңгейге көтерілді. «IT Hub Агепа» инновациялық алаңы, «Fab-Lab» цифрлық шығармашылық зертханасы және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бағыты бойынша 12-ші құзыреттілік орталығы ашылып, студенттерге заманауи жабдықтармен жұмыс істеу, стартап жобаларды іске асыру, WorldSkills, JasSkills, Абилимпикс, Nascathon және робототехника чемпионаттарына дайындалу үшін тың мүмкіндік берілді.

2024 жылдың 23 ақпанындағы Алматы қаласы әкімінің №1/128 қаулысына сәйкес МКҚК «Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі» атауы КМҚК «ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» болып өзгертілді. Колледж техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде заманауи талаптарға сай 6 мамандық бойынша мамандар даярлайды. Білім беру қызметі 2024 жылғы 15 сәуірде берілген № KZ74LAA00036311 мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, колледждің жаңа Жарғысы бекітіліп, заңды мәртебесі жаңартылды.



Халықаралық деңгейдегі кәсіби жарыстарда да колледж студенттері табысты өнер көрсетіп келеді. Әсіресе «KIROSHI» командасының жетістіктері ерекше мақтаныш тудырады. Олар Орталық Азия чемпионатында жеңіске жетіп, АҚШ-тағы «Michiana Premier Event» турнирінде ТОП-10 қатарына енді, Нидерландта қола медаль иеленді, ал ұлттық чемпионаттарда бірнеше мәрте жеңімпаз атанды. 2024 жылы Гаагадағы FTC жарысында сәтті өнер көрсетіп, 2025 жылғы «FIRST Almaty Tech Cup» және «Alem FIRST Championship» турнирлеріндегі жеңістер арқылы АҚШ-тағы халықаралық турнирлерге жолдама алды.



Студенттердің интеллектуалдық қабілеттері де жоғары деңгейде танылуда. 2024 жылы олар «ХХІ ғасыр көшбасшысы», «Physmath Olympiad» және «Al FEST: Жасанды интеллект кубогы» сияқты байқауларда топ жарып, білімдерінің тереңдігін, логикалық ойлау қабілетін және шығармашылық әлеуетін көрсетті.

Колледждің халықаралық ынтымақтастығы да кеңейе түсті. «Жібек жолы шеберлері» халықаралық альянсының мүшесі ретінде және «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында колледж жаһандық білім беру кеңістігіне сенімді интеграциялануда. Соңғы үш жылда 20-дан астам оқытушы Қытай, Малайзия, Түркия, АҚШ, Оңтүстік Кореяда тағылымдамадан өтті. Қытайда: Г. А. Орыншайхова, К. Т. Қаржаубаева, Н. М. Косерова, А. Қабылбек, Ұ. Б. Саурбек, М. Б. Джаманкузова, А. Т. Бағдаулет, Е.С. Батырбеков, А. Т. Құмарбек, К. Алиев. Малайзияда: М. С. Мәлікова, Д.Ержан, Ж.Ермекхан, А.Мамбетова, Б. Еркінбек, А. Келіс, Б. Әуезхан, Б. Дүйсекеев, Н. Ахмет, Ж. Құрманғали,

А. М. Калышева. АҚШ-та Абылханова Н.Ж. Illinois University (Urbana-Champaign), Harvard University, MIT базаларында инновациялық басқару бойынша «Интенсивті оқыту бағдарламасын» өтті. Оңтүстік Кореяда – Орыншайхова Ғалия Асхатқызы кәсіби тағылымдамадан өтті.



Бұл тәжірибе студенттер үшін де жаңа мүмкіндіктер ашты. 2025 жылы А.Абдраймова, Э.Қожағұлова, Э. Ілиясқызы, И.Нүрекенова және Н. Баситова жетекшілігімен елуге жуық студент Қытайдағы жазғы білім беру лагеріне қатысып, білімдерін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жетілдірді. Сондай-ақ Н.Карлинова, А.Оразымбетова және Д.Бижігіт бастамасымен тағы он студент Түркияда өткен бағдарламаға қатысып, академиялық мобильділіктің жарқын үлгісін көрсетті. Бұл бастамалар халықаралық ынтымақтастық байланыста нақты іске асырып, студенттердің кәсіби әрі тұлғалық дамуына жаңа көкжиектер ашты.



2025 жыл ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE педагогикалық құрамы үшін кәсіби табыстарға толы кезең болды. Ұжым мүшелері әртүрлі деңгейдегі байқаулар мен ғылыми алаңдарда жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Колледж директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары М.С.Мәлікова «Оқу үдерісін ұйымдастыру» бағыты бойынша қалалық әдістемелік материалдар байқауында жеңімпаз атанды. А.С.Оразымбетова халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Жұмысшы мамандықтарының жаңа дәуірі» секциясында және «Profit-білім: құзыреттілік, шығармашылық және жетістік» атты қалалық байқауда жүлделі орын иеленді. М.Е.Тұрсынбаева «Еңбек қауіпсіздігі» бойынша қалалық байқауда жүлделі орын алды. Өндірістік оқыту шеберлері арасындағы «Қазіргі заманғы технологиялар арқылы жобалар» кәсіби шеберлік байқауында К. А.Алиев жүлделі орын иеленді.



«Педагог-мастер» бағдарламасы аясында өткен «Ақылды сабақ – білім сапасын арттыру» жобасында колледж оқытушыларының еңбегі де жоғары бағаланды. Осы жобадан А.С. Оразымбетова, С.Б.Сейсекулова, С.Б.Джумагазиева және Л.М.Өміржан жүлделі орын иегерлері атанса, ал қалалық конференцияда А.Бақдәулет жүлделі орынға ие болды.

2024 жылы өткен «Үздік педагог – 2024» байқауында Г.А.Орыншайхова арнайы сертификатпен марапатталды. Ал ҚР Президентінің тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Білім берудегі 1000 өзгеріс көшбасшысы» жобасы аясында колледж директорының оқу жұмыс жөніндегі орынбасары М.С.Мәлікова республикалық кадрлық резервке енді.



ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРМЕН ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE IT-секторы, телекоммуникация және өнеркәсіп саласындағы жетекші компаниялармен тұрақты серіктестік қатынастар орнатуда. Осы ынтымақтастықтың арқасында студенттер тәжірибеден өтуге, дуалды оқуға қатысуға және нақты кәсіпорындар базасында жобаларды іске асыруға мүмкіндік алады.

IT саласында колледждің серіктестері — «FD-SERVICE.KZ» ЖШС, «Next Innovation» ЖШС, «Логиком» АҚ, «Қазпошта» АҚ филиалы, «Cyber Service» ЖК, «Royal IT» ЖШС, «R-STYLE.KZ» ЖШС, «IT Supply» ЖШС, «IT Support Group» ЖШС, «CONTI-NEW CORPORATION» ЖШС және «RUBA Technology» ЖШС — студенттерге заманауи бағдарламалық өнімдермен жұмыс істеуге, ақпараттық жүйелерді әзірлеуге, киберқауіпсіздік пен желілік технологиялар саласында тәжірибе алуға жағдай жасайды.



Телекоммуникация саласында колледж «Қазақ-телеком» АҚ, «Asran Telecom» ЖШС, «ЛинкМастер» ЖШС, «АлмаТел Қазақстан» АҚ, «Меганет» ЖШС және «KazNetCOM» ЖШС сынды компаниялармен ынтымақтастық орнатып, студенттерге байланыс жабдықтарымен жұмыс істеуге, деректерді беру технологияларын меңгеруге және еңбек нарығында сұранысқа ие цифрлық сервистермен танысуға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіп саласында колледждің серіктестері — «Алматинский завод тяжёлого машиностроения» АҚ, «Фирма БЕНТ» ЖШС, «Алматинский вентиляторный завод» ЖШС, «Корпорация Сайман» ЖШС және «Eurasian Foods Corporation» АҚ — студенттердің нақты өндірістік процестерді игеруіне, зауыттарда тәжірибеден өтуіне, сондай-ақ заманауи технологияларды жобалау және енгізу жұмыстарына қатысуына мүмкіндік береді.

Жұмыс берушілермен осындай тығыз байланыс колледждегі білім беруді барынша тәжірибеге бағыттап ұйымдастыруға ықпал етеді. Түлектер тек диплом алып қана қоймай, нақты өндірістік дағдыларды меңгеріп, оқуын аяқтағаннан кейін бірден жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады. Бұл серіктестік студенттерге заманауи жабдықтармен білім алуға, бірлескен жобаларға қатысуға, озық технологияларды игеруге және оқу барысында-ақ болашақ мансабын қалыптастыруға жол ашады.

ТҮЛЕКТЕР МЕН ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ДИНАСТИЯСЫ

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE үшін ең үлкен мақтаныштардың бірі – осы оқу ордасында білім алып, кейін ұстаз, тәлімгер және әріптес ретінде қайта оралған түлектер. Олар кәсіби жолын дәл осы қабырғалардан бастап, бүгінде студенттерге үлгі боларлық тұлғаларға айналды. Бұл – колледждің тек мамандарды ғана емес, болашақ білім көшбасшыларын тәрбиелейтінін дәлелдейтін жарқын көрсеткіш.

Қазіргі таңда колледжде табысты еңбек етіп жүрген түлектер қатарында:

Е.Ш. Абылханов, Н.Ж. Абылханова, К.Т. Қаржаубаева, А.Т. Сапагова, Д. Кенбаев, Г. Омарбекова, М. Алмасқызы, А. Мамбетова, К. Алиев, Ж. Ермекхан, Н. Тортаева, А. Елубай, Б. Еркінбек, А. Келіс, А. Швецов, А. Попов, Г. Теленова бар.

Олардың еңбегі мен мамандыққа деген адалдығы – ұрпақтар сабақтастығының және POLYTECH дәстүрлерінің сақталуының айқын белгісі.

Жетістікті түлектер:

- Акимов Шынғыс Болатұлы, бүгінде «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясының Техникалық қамтамасыз ету департаментінің директоры қызметін атқарады.

- Дүйсенбаева Жұлдыз Азаматқызы, Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Спорт комитетінде аға офицер қызметін атқарады, ескери шені – майор.

- Жанат Өмірәлі, қазіргі таңда кәсіби кинооператор ретінде еңбек етуде.

- Ли Павел Владимирович, композитор, аранжировщик, музыкалық продюсер.

- Қызмет бағыты – кино, теледидар, радио және жарнамаға арналған музыкалық сүйемелдеу, студиялық жазба және әндердің музыкалық продакшны.

- Касабаев Ерлік Нұрғалымұлы, 2002–2006 жылдары Almaty Polytechnic College-де оқыған.

- Бүгінде «Root Service» ЖШС директоры қызметін атқарады.



85 ЖЫЛДЫҚ ЖОЛДЫҢ НӘТИЖЕСІ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық тарихы – тек бір оқу орнының ғана емес, Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің даму шежіресі. Колледж осы жылдар ішінде дәстүр мен инновацияны үйлестіре отырып, ел болашағына берік негіз қалыптастыратын білім ордасына айналды.

КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

Колледж 60 мыңнан астам маман даярлап, техникалық қызметкерлерден бастап IT саласының білікті кадрларына дейінгі кең ауқымды еңбек ресурстарын қалыптастырды. Түлектер өнеркәсіп, машина жасау, телекоммуникация және цифрлық экономика салаларында табысты еңбек етіп, елдің тұрақты дамуына өз үлесін қосып келеді.

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ КӨШБАСШЫЛЫҒЫ

Заманауи талаптарға жауап беру мақсатында колледж ТжКБ жүйесінде цифрландырудың көшбасшысына айналды. IT Hub Arena, Fab-Lab, Cisco академиясы, Festo зертханалары мен Apple курстары студенттердің Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында қажетті дағдыларды меңгеруіне жол ашып, олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруда.

ӘЛЕУМЕТТІК МИССИЯ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИЯ

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін қолайлы жағдай жасалып, инклюзивті тәжірибелер оқу орнын шынайы әлеуметтік лифтке айналдырды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Студенттер мен оқытушылар Қытай, Түркия, Малайзия, Оңтүстік Корея және АҚШ елдерінде тағылымдамадан өтуде. «Жібек жолы шеберлері» альянсына және «Бір белдеу – бір жол» бастама-сына қатысу колледждің халықаралық беделін арттырып, оны әлемдік білім беру кеңістігінің сенімді мүшесіне айналдырды.

ЧЕМПИОНАТТАРДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Колледждің халықаралық деңгейдегі танылуы студенттердің жетістіктерімен де тікелей байланысты. WorldSkills, JasSkills, Hackathon, FIRST® Global Challenge сияқты чемпионаттарда жоғары нәтиже көрсеткен жастар оқу орнының абыройын асқақтатты. Бүгінде колледж қоржынында 73 алтын, 14 күміс, 24 қола медаль және 11 кәсіби шеберлік медальоны бар.

ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК

Бұл жетістіктерді бекемдейтін тағы бір бағыт – жұмыс берушілермен ынтымақтастық. IT, телекоммуникация және өнеркәсіп салаларындағы 200-ден астам компаниямен орнатылған әріптестік студенттерге тәжірибеден өтуге, тағылымдама жасауға және жұмысқа орналасуға жол ашса, кәсіпорындарға білікті кадрлармен қамтамасыз етудің сенімді тетігін ұсынды.

ҚОРЫТЫНДЫ МӘНІ

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – инновациялық бағытты ұстанған, әлеуметтік бағдарланған, халықаралық ынтымақтастыққа ашық және цифрлық білім берудің флагманы. Ол Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде лайықты орын алып, елдің кадрлық әлеуетін нығайтуға тұрақты үлес қосып келеді.

Polytech 85 – өткенге тағзым, бүгінге мақтаныш, болашаққа сенім!

Осының бәрі **ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE** жаңа форматтағы табысты колледждің үлгісіне айналдырды. Инновациялық, әлеуметтік бағдарланған әрі халықаралық ынтымақтастыққа ашық оқу орны ретінде ол Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде лайықты орын алып, елдің кадрлық әлеуетін нығайтуға тұрақты үлес қосып келеді.

**POLYTECH85 –
ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ,
БҮГІНГЕ МАҚТАНЫШ,
БОЛАШАҚҚА СЕНІМ!**

POLYTECHN ТҮЛЕКТЕРІ – КОЛЛЕДЖ ДИРЕКТОРЛАРЫ

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE талай жылдар бойы мыңдаған мамандарды дайындап қана қоймай, еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде көшбасшы тұлғаларды тәрбиелеп келеді. Бүгінгі таңда оқу ордамыздың түлектері түрлі колледждердің директоры болып еңбек етіп, білім беру саласының дамуына айрықша үлес қосып жүр.

Тайтулеев Төлеуғали Мұхамеджанұлы – 2007 жылдан бастап Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжін басқарып келеді. Тәжірибелі басшы ретінде оқу орнында жаңа бағыттар мен заманауи мамандықтардың ашылуына ықпал етті.

Сүлейменов Сейітбек Тоқтамұратұлы – 2013 жылдан бері Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжінің директоры. Ол білім саласындағы кәсіби тәжірибесімен, басқарушылық қабілетімен ерекшеленіп, аталған оқу орнының дамуына жол ашты.

Бозымбаев Болатжан Даулетович – 2016 жылдан бері Алматы электромеханикалық колледжінің директоры. Оның жетекшілігімен колледждің материалдық-техникалық базасы нығайып, оқу процесі заманауи талаптарға сай жетілдірілді.

Бейсетбаев Асылхан Қосылханович – 2021 жылдан бастап Алматы көпсалалы колледжінің директоры. Жас та жігерлі басшы ретінде ол оқу орнында жаңашылдық енгізіп, студенттердің кәсіби даярлығын арттыруға бағытталған жобаларды жүзеге асырып келеді.

Магазов Ербол Джаруллаевич – 2007 жылдан бастап Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжінде директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 2023 жылы Алматы көлік және коммуникациялар колледж директоры болып тағайындалып, қазіргі таңда осы оқу ордасын басқаруда.

Якенова Құралай Жұмабекқызы – 2023 жылдан бастап UIB көпсалалы колледжінің директоры қызметін атқарып келеді. Ол өзінің кәсіби біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілеті арқылы оқу орнының өркендеуіне елеулі үлес қосуда.

Молдағұлова Майя Қаршығақызы – 2022–2023 жылдары Қазақ-түрік жоғары гуманитарлық-технологиялық колледжінің директоры болды. 2024 жылы «Адилмед» медициналық колледжінің оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, ал 2025–2026 жылдары «Эмили» жоғары медициналық колледжінің әдістемелік қызметінің басшысы болып еңбек етуде. Оның кәсіби жолы – білім саласында адал еңбек пен үздіксіз дамудың айқын көрінісі.

УАҚЫТТЫҢ АЙНАСЫ: ӘР КЕЗДЕГІ ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ СӨЗДЕРІ

Колледж жылдарында оның ардагерлерінің – өз қолдарымен тарих жасағандардың көптеген жылы естеліктері мен даналық сөздері жинақталған. Мерейтойлық басылымдар мен сұхбаттарда басшылар мен мұғалімдер құнды тәжірибелерімен бөліседі. Біз ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE рухын бейнелейтін кейбір дәйексөздерді ұсынамыз.

А.М. Қасенов, 1989-1995жж. Алматы машина жасау техникумының директоры: "Ең қиыны бірінші оқу жылы – 1989/90 болды. Басынан бастап оқу үдерісін реттеуге тура келді: педагогикалық ұжымды іріктеп, біріктіру, кабинеттер мен зертханаларды жабдықтау, сабақтарды бастау. Алдымызда тұрған міндет зор – жаңа оқу орнын факті бойынша жаңадан тұрғызу. Біз оны лайықты орындадық: қысқа мерзімде үлкен еңбек атқардық. (Машина жасау бөлімшесін құру туралы естеліктерден.)

Ж.К.Түркпенұлы, 1979-1985жж. кинотехникум директоры: Біздің педагогикалық ұжым әрқашан достық рухымен және өзара қолдаушылық қасиетімен ерекшеленді. Қай кезең болса да — соғыстан кейінгі жылдар болмасын, 80-жылдардың басы болмасын — тәжірибелі ұстаздар жас кадрларға білімін аямай бөлісетін, ал жастар жаңа идеяларымен бөлісетін. Осылайша біздің басты дәстүр — ұстаз ұрпақтарының сабақтастығы — сақталып, күшейе түсті. (Техникалық мектеп ардагерлерімен әңгімеден, 2015 ж.)

С.И.Нүсіпбеков, 1991-2012жж. Алматы мемлекеттік политехникалық колледж директоры: Мен үшін колледж — үлкен отбасы. Директор ретіндегі барлық күш-жігерім осы отбасының гүлденуіне бағытталды. Біз қайта құрылымтау, дағдарыстар, реформалар кезеңдерінен өттік — және әрқашан алға жылжу жолын таптық. Құпиясы қарапайым: ісінді сүй, адамдарға құрметпен бөлін — сол кезде табыс та бірге жүреді. (Колледждің 80 жылдығына арналған сұхбаттан.)

Н.Ж.Жабықбаев, 2012-2017жж. Алматы мемлекеттік политехникалық колледж директоры: Колледждің ең басты мақсаты — студентке сапалы білім, саналы тәрбие беру. Кәсіптік білім беру мен нарық заманындағы талаптарға сай білікті кадр дайындау — бүгінгі күннің басты міндеті.

М.А. Омарбеков, 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE директоры: Мерейтой — бұл тек өткен жолға көз жүгірту мүмкіндігі емес, ең алдымен болашаққа бағытталған баян. 85 жыл — бұл жинақталған тәжірибе, оны біз жаңа білімге, цифрлық шешімдер мен инновацияларға айналдырамыз. Біз мамандар дайындаймыз — олар Қазақстанды төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде алға жылжытатын болады. (AqshamNews.kz – «Алматы-ақшамы» қоғамдық-саяси газетіне сұхбат, 2025)



Өткеннің дәстүрінен – болашақтың цифрлық шыңдарына

2025 жыл – еліміз үшін де, біздің колледжіміз үшін де айрықша жыл. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен бұл жыл Қазақстанда Жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияланды. Бұл – кәсіби-техникалық білімнің мәртебесін арттыруға, еңбек адамының қоғамдағы орнын көтеруге бағытталған маңызды бастама. Біздің 85 жылдық мерейтойымыздың дәл осы тарихи кезеңмен тұспа-тұс келуі – үлкен символдық мәнге ие.

Алматы политехникалық колледжінің тарихы 1940 жылдан бастау алады. Алғашқы жылдары оқу орны кинотехникум ретінде жұмыс істеп, өнеркәсіпке мамандар даярлады. Қиын соғыс кезеңдері де білім беру ісін тоқтатқан жоқ, керісінше қайсарлық пен табандылық колледж рухын нығайтты. 1990-жылдары кинотехникум мен машина жасау техникумы бірігіп, политехникалық колледжге айналды. Осы кезеңнен бастап телекоммуникация, IT, автоматтандыру сынды жаңа бағыттар ашылып, оқу орны заман талабына сай жаңаша қарқынмен дамыды.

2017 жылдан бері мен колледж директоры ретінде дәстүрді сақтап қана қоймай, инновациялар мен технологияларды енгізуге бар

күшімді жұмсап келемін. Соңғы жылдары дуалды оқыту, өндірістік тәжірибе және әлеуметтік серіктестік бағыттары күшейтіліп, IT Hub Arena, Fab-Lab секілді заманауи орталықтар ашылды. Бұл алаңдар студенттердің кәсіби мүмкіндіктерін арттырып, колледждің білім беру кеңістігін халықаралық стандарттарға сай жаңартты.

2024 жылдың 23 ақпанында Алматы қаласы әкімінің №1/128 қаулысына сәйкес МКҚК «Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі» атауы өзгертіліп, КМҚК «ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» болып қайта тіркелді. Бүгінде колледж техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде заманауи талаптарға сай 5 мамандық пен 10 біліктілік бойынша мамандар даярлап отыр.

Алдымызда – колледжіміз үшін де тарихи сәт: ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық мерейтойын атап өтуде. Біз үшін бұл мерейтой – өткеннің өшпес іздерін ұмытпай, болашаққа нық қадам басатын белес. Осы бірлігітеріңіз бен талпыныстарыңыз үшін баршаңызға шын жүректен алғыс айтамын.

Сіздердің еңбектеріңіз – колледждің рухы. Сіздердің идеяларыңыз – оның алға қозғаушы күші. Сіздердің жетістіктеріңіз – оның даңқы. Сондықтан бәріміз бірге еңбек етсек, ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE елімізде ғана емес, халықаралық аренада да лайықты беделге ие болады.

Осы мерейтой – тек өткен жолымызға шолу ғана емес, болашаққа сенімді қадам. Алдымызда жаңа жобалар, жаңа серіктестіктер мен жаңа белестер тұр. Біз дәстүрімізді сақтай отырып, заманауи технологияларды енгізу арқылы білімнің, еңбектің және инновацияның шынайы орталығына айналамыз.

Құрметті әріптестер мен студенттер! Сіздерді 85 жылдық мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын! Ортақ табыстарымыз көп болсын, еңбегіміздің жемісі ел болашағына қызмет ете берсін.

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE
директоры

Омарбеков Медет Асетович





Кинотехникумнан – Политехникалық колледжге дейінгі жол

Әрбір білім ордасының тарихы – оның басшылары мен ұстаздарының еңбегінен, адал қызметінен, ұрпаққа деген жауапкершілігінен құралады. Бүгінгі ұрпақ қол жеткізген жетістіктер – кешегі аға буынның табанды еңбегінің нәтижесі. Политехникалық колледждің тарихында әр дәуірдің өзіндік ізі бар. Сол кезеңдердің бірі – 1979–1985 жылдар, Кинотехникумның өрлеу жылдары.

1979 жылы мен Алматыдағы Кинотехникумға директор болып тағайындалдым. Ол кезде оқу ғимараты мен материалдық-техникалық базасы, жатақханасы жетілдіруді қажет ететін жағдайда болды. Алдымыздағы ең басты міндет – студенттердің тұрмыс жағдайын жақсарту және оқу орнының беделін арттыру болды.

Бұл жылдары министрлік, партия органдары, қалалық және аудандық атқару комитеттері айтарлықтай қолдау көрсетті. Сондай-ақ, елімізге танымал қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов жетекшілік еткен ұйымы да оқу орнының дамуына зор үлес қосты.

Оқу орнының материалдық-техникалық базасы кезең-кезеңімен жаңартылды: жаңа оқу жабдықта-

ры мен станоктар сатып алынды; қажетті машиналар әкелінді; ескі жатақханаларға күрделі жөндеу жүргізілді; жаңа жатақхана құрылысы басталды.

Сонымен қатар, жаңа мамандықтар ашуға ерекше назар аударылды. ЭЕМ, бағдарламалау, техникалық жабдықтау және жөндеу бағыттары бойынша мамандар даярлау кеңейтілді. Бұл бастамалар оқу орнын Кинотехникумнан политехникум деңгейіне көтеруге негіз болды.

Алты жыл бойы осы қызметті абыроймен атқарып, оқу орнының тұрақты дамуына өз үлесімді қостым. Кейін оқу орнының басшылығына жас та жігерлі жетекші – Серік Имансерікұлы Нүсіпбеков келді. Ол ұжымға жаңа серпін беріп, қысқа уақыт ішінде оқу орны политехникалық колледж болып қайта құрылды. Бұл кезеңде Соскин В.Р., Сақыпеев Ш.С., Сухаруков, Доронкин сынды тәжірибелі ұстаздар жемісті еңбек етті.

С.Нүсіпбеков жас мамандарды – Тайтулеев Т.М., Бозымбаев Б.Д. және үздік түлектерді жұмысқа тартып, олардың кәсіби қалыптасуына жағдай жасады. Бүгінде сол түлектердің бірі – Сүлейменов С.Т., Бозымбаев Б.Д. білім беру саласында басшылық қызмет атқаруда. Өзінің байсалдылығы мен парасаттылығының арқасында С.Нүсіпбеков ұжымына да, студенттеріне де сыйлы болды.

Ардагер ұстаз ретінде осы оқу орнының іргетасын қалауға үлес қосқаныма әрдайым мақтанамын.

Политехникалық колледждің 85 жылдық мерейтойы құтты болсын! Ұжым әрдайым биік белестерді бағындырып, білімді де парасатты түлектерді тәрбиелей берсін. Жас ұрпақ еліміздің экономикасын дамытуға, өркениетті елдердің қатарына қосылуға өз үлесін қоса берсін.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Жас түлектеріміз адал еңбегімен ел мерейін асыратын азаматтар болып өссін!

Түркпенев Жолмұхан, ардагер ұстаз, Кинотехникумның 1979–1986 жж. директоры





Жаңғыру кезеңінің басшысы

Almaty Polytechnic College – менің тағдырыммен сабақтасқан, өмірімнің ең жарқын кезеңдері өткен қасиетті қара шаңырақ. Осы ұжымда менің жиырма жылдан астам ғұмырым өтіп, еңбек пен білім жолымның ең жауапты белестері осы оқу орнымен байланыста өрілді. Сондықтан да колледжге деген алғысым да, құрметім де ерекше. Бізді әлі күнге дейін ардагер ұстаз ретінде шақырып, кездесулер ұйымдастырады. Бұл игі дәстүр – колледждің тарихын дәріптеп, оны жас ұрпаққа үлгі ретінде жеткізудің маңызды жолы деп санаймын.

Оқу орнының тарихына көз жүгіртсек, оның бастауы – Алматы кинотехникумы. Мен директор болып келген жылдары ол қаладағы ең ірі оқу орындарының бірі еді. 1990 жылдардағы үлкен өзгерістер кезінде кинотехникум мен машинажасау техникумы біріктіріліп, 1991 жылы Алматы

политехникалық колледжі болып қайта құрылды. Дәл сол өтпелі кезеңде ұжыммен бірге жаңа оқу орнының іргетасын бекітіп, дәстүр мен жаңашылдықты тоғыстыру – бізге жүктелген басты міндет болды.

Басшылық еткен жылдары білім сапасын арттыруға, студенттердің өндірістік тәжірибесін жетілдіруге, материалдық-техникалық базаны күшейтуге айрықша көңіл бөлінді. Ұжымның ынтымағы мен қажырлы еңбегінің арқасында колледждің беделі өсіп, түлектеріміз елдің дамуына үлес қоса бастады. 2000 жылдардың ортасына қарай бұл еңбектің нәтижесі айқын көрінді. Сол кезде «Политех – лучше всех!» деген ұранымыз қалыптасты. Бүгінде де бұл сөз колледждің рухын асқақтатып, ұжымның табанды еңбегін айқындап тұр.

Қазіргі таңда колледжіміздің заманауи білім ордасына айналғанын үлкен қуанышпен атап өтемін. Бүгінгі оқу орны – сапалы білім беріп қана қоймай, озық кадрлар даярлап, материалдық-техникалық жабдықталуы жағынан да елдегі алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі. Мұның барлығы бірнеше буын ұстаздардың жанқиярлық еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.

Құрметті әріптестер, ардагер ұстаздар, қадірлі студенттер мен түлектер! 85 жылдық мерейтой – өткенге тағзым, бүгінгі жетістіктерге құрмет, болашаққа сенім. Сіздерге әрдайым биік белестер, жаңа табыстар мен шығармашылық серпін тілеймін. Колледжіміздің даңқы асқақтап, атағы жалғаса берсін!

Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің директоры (1991–2012 жж.)

Нүсіпбеков Серік Имансерікұлы





85 жылдық абыройлы жол

Биыл 85 жылдық мерейтойын атап отырған ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру саласында өзіндік орны бар, тарихы терең білім ордаларының бірі. Оқу орнының іргетасы 1940 жылы Алматы кинотехникумы ретінде қаланып, кейіннен бірнеше мәрте қайта құрылып, әр кезеңде жаңа міндеттер мен жаңа мақсаттарды жүзеге асырды.

Әсіресе, колледжді ұзақ жылдар бойы басқарған Нүсіпбеков Серік Имансерікұлының еңбегі зор. Ол сан мыңдаған түлекті үлкен өмірге қанаттандырып, еліміздің өркендеуіне өзіндік үлесін қосты. 2012–2017 жылдар аралығында мен де осы қара шаңырақта директор ретінде қызмет атқарып, өз үлесімді қосқанымды үлкен мәртебе санаймын. Бұл кезеңде «Үздік педагог» конкурстары қарқын алып, ұстаздарымыздың кәсіби әлеуеті кеңінен танылды.

Алджамбекова Ж.О., Мәлікова М.С. және Дүйсенбаева Ә.А. сынды білімді педагогтердің жеңісі – ұжымның ортақ абыройы болды.

2017 жылдан бастап колледжді жас, білімді IT-маман Медет Әсетұлы басқарып келеді. Ол дәстүрді сақтай отырып, оқу орнын жаңа белеске көтеруде. Әкімдік пен Білім басқармасының қолдауымен «Жас маман» жобасы аясында заманауи құрал-жабдықтар орнатылып, оқу процесінің сапасы жаңа деңгейге шықты.

85 жылдық тарихында колледж мыңдаған түлекті тәрбиелеп, еліміздің әр саласында еңбек етіп жүрген білікті мамандарды дайындап шығарды. Бүгінде ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – кәсіби-техникалық білім беру жүйесінде өзіндік қолтаңбасы бар, заман талабына сай жаңарып келе жатқан оқу орны. Мерейтой қарсаңында ұжымға, ардагер ұстаздарға, студенттер мен түлектерге білім беру ісіне қосқан өлшеусіз еңбектері үшін шынайы алғысымды білдіремін. Баршаңызға мықты денсаулық, шығармашылық табыс, кәсіби жетістіктер мен абырой-бедел тілеймін. Колледжіміздің келешегі жарқын болып, еліміздің өркендеуіне қосар үлесі еселене берсін!

Жабықбаев Нұрдаулет Жақыпбекұлы

Алматы мемлекеттік туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің директоры, заң ғылымдарының кандидаты, Ұлттық және халықаралық инженерлік академиясының академигі





Кәсіби жолымның бастауы - Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі

Биыл тарихы терең, тағылымы мол қара шаңырағымыз – Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің құрылғанына 85 жыл толып отыр. Бұл – тек біздің ғана емес, жалпы қазақстанның білім беру саласындағы үлкен мереке.

Колледждің қалыптасу тарихына көз жүгіртсек, оның әрбір белесі еліміздің даму кезеңдерімен тығыз байланысты. 1940 жылдан бастау алған бұл оқу орны талай буынды білім нәрімен сусындатып, сан мыңдаған білікті мамандарды даярлап шығарды.

Мен үшін осы колледж – өмірімнің мәні мен мақсатына айналған білім ордасы. Өзімнің еңбек жолымды 1987 жылы Алматы кинотехникумында бастаған едім. Сол сәттен бастап бұл қара шаңырақ менің өмірлік мектебіме, кәсіби шыңдалу ордасына айналды.

Алғашқы қадамымды лаборант қызметінен бастап, кейін кино қондырғыларды және бейне

залдарды жабдықтайтын оқытушы болып жалғастырдым. Уақыт өте келе бөлім меңгерушісі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқара жүріп, ұжыммен бірге талай жауапты кезеңдерді бастан өткердік. Әрбір саты – мен үшін үлкен тәжірибе, тағылымды сабақ болды.

Бүгінде осы жылдар бойы жинаған тәжірибем мен кәсібилігімнің және әріптестерімнің қолдауының арқасында Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжінің директоры болып қызмет атқарып отырмын.

Бұл – мен үшін үлкен жауапкершілік әрі зор мәртебе.

Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі – тек білім ордасы ғана емес, ол менің екінші үйім, өмірімнің ең қымбат белестері өткен қасиетті орда. Мұнда шәкірт тәрбиелеу – мен үшін мақтаныш, ал ұстаздар қауымымен бірге жұмыс істеу – үлкен бақыт еді.

85 жылдық тарихы бар колледжіміз әлі талай асуларды бағындыратынына сенімдімін. Қара шаңырағымызды алда жаңа мүмкіндіктер, үлкен жетістіктер күтіп тұр. Ең бастысы – колледж түлектері еліміздің жарқын болашағына адал қызмет ететін тұлға болып қалыптасуда.

Барша әріптестерімді, ардагер ұстаздарды осы мерейлі мерекемен құттықтай отырып, еңбектеріңізге береке, шәкірттерімізге биік жетістік тілеймін! Мерейтой құтты болсын!

Берекелі білім ордасының шаңырағы әрдайым биік болсын!

**Ізгі тілекпен,
Сулейменов Сейтбек Тоқтамұратұлы
Алматы жолаушылар көлігі және
технологиялар колледжінің директоры,
техникалық ғылымдарының кандидаты.**





Страница воспоминаний «Политех – лучше всех!»

15 ноября 1989 года я впервые переступил порог Алматинского машиностроительного техникума в качестве преподавателя-почасовика. Учебное заведение открылось 1 сентября того же года и готовило кадры для завода «Гидромаш». Оно относилось к Министерству оборонной промышленности СССР, а территориально – к департаменту образования г. Алматы.

Директором техникума был назначен Асекербек Макишев Касенов – интеллигент, пунктуальный, требовательный, настоящий профессионал своего дела, который одновременно возглавлял Совет директоров техникумов Алматы. У него я многому научился, стараясь перенять лучшие качества.

Спустя полтора месяца мне предложили перейти в техникум на постоянную работу, и я без колебаний согласился: работа здесь казалась более интересной и перспективной. Контингент студентов был непростой: это был первый набор, без серьёзного конкурса, уровень знаний оставлял желать лучшего. Но уже тогда сформировался сильный преподавательский коллектив. Особое место в моей памяти занимают такие педагоги, как Досжанова А.А., Керимбаева К.У., Якунина Э.В., Станинова Н.В. и, конечно, методист Муслима Койшыбаевна Усембаева.

С особой теплотой вспоминаю совместную работу с заместителем директора по учебной работе Тамилей Марковной Бондаренко. Несмотря на возраст и состояние здоровья, она с огромным энтузиазмом учила меня грамотно распределять нагрузку, составлять планы, расписание, разбираться в тарификации. Она первая предредила мне должность замдиректора по учебной работе.

В июне 1990 года у меня была первая командировка в Москву. Министерство оборонной промышленности подарило техникуму три компьютера ДВК-5. Мы с коллегой на поезде трое

суток везли их до Алматы. Это было настоящее событие: первые компьютеры в истории техникума! В 1996 году начался новый этап: машиностроительный техникум был объединён с кинотехникумом, и на его базе создан политехнический колледж КазНТУ. Директором стал Серик Имансерикович Нусупбеков – человек, ставший для меня не просто наставником, а старшим братом и даже отцом. Он был требователен и строг, но именно благодаря ему я окреп как руководитель.

В 1997 году я был назначен заместителем директора по учебной работе. На этой должности я проработал до 2007 года. Это были годы огромной ответственности: перспективные и текущие планы, отчёты, контроль за всем учебным процессом. Но и вне работы мы были настоящей семьёй – поддерживали друг друга в любых ситуациях.

Серик Имансерикович часто говорил: «Ты уже перерос должность заместителя, пора пробовать себя в роли директора». С его благословения в 2007 году я ушёл на самостоятельную работу. В этом – огромная заслуга и руководителя департамента образования г. Алматы Гульмиры Истайбековны Исимбаевой, поверившей в меня и первой поздравившей с победой на конкурсе.

Сегодня нашему Политеху – 85 лет. В преддверии этой знаменательной даты хочу выразить искреннюю благодарность всем коллегам, с кем мне посчастливилось работать в 1989–2007 годах. Спасибо за человечность, за опыт, за ту уникальную атмосферу, которая навсегда останется в сердце.

Особые слова признательности – нынешнему директору колледжа Медету Асетовичу Омарбекову за то, что он продолжает лучшие традиции Политеха и приумножает его достижения.

С праздником, дорогие коллеги, с юбилеем!
Желаю дальнейших успехов и процветания!

Политех – лучше всех!!!

Тайтулеев Төлеуғали Мұхамеджанович
Заслуженный деятель Политеха,
оставивший значимый след в его истории колледжа





Кәсіптік білімнің қара шаңырағы – ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE

1940 жылы Кинотехникум болып құрылған бұл оқу орнының тарихы – еліміздің білім беру жүйесінің даму тарихымен тығыз байланысты. 1990-жылдары ол Машина жасау техникумымен бірігіп, «ҚазҰТУ-дың политехникалық колледжі» атанды. Ал 1997 жылдан бастап «Алматы политехникалық колледжі» деген атаумен өз алдына жеке шаңырақ көтеріп, содан бері еліміздегі техникалық және кәсіптік білімнің алдыңғы қатарлы ордасына айналды.

Мен үшін бұл қара шаңырақтың орны ерекше. 1990 жылдан бастап 2012 жылға дейін осы білім ордасында еңбек етіп, арнайы пән оқытушысынан бастап бөлім меңгерушісі, кейіннен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқардым. Бұл кезең мен үшін үлкен мектеп қана емес,

өмірлік тәжірибемнің алтын қазығына айналды. Әріптестерімнің кәсібилігі, студенттердің талпынысы мен ұмтылысы – барлығы да жүрегімде мәңгілік із қалдырды.

2012 жылы мен Алматы электромеханикалық колледжінің директоры қызметіне тағайындалдым. Бұл биікке жетуімнің басты негізі – дәл осы Алматылық Политехтің қабырғасында жинақтаған тәжірибе мен білім. Сол кезеңдегі әрбір сабақ, әріптестеріммен бірлескен жұмыс және студенттердің талпынысы – менің кәсіби жолымдағы ең берік тірек болды. Сондықтан да мен әрқашан өзімді осы қара шаңырақтың түлегі әрі перзенті санаймын.

Бүгінде ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE заман талабына сай мамандар даярлауды жалғастырып қана қоймай, инновациялық технологияларды енгізудің, тәжірибеге бағытталған білім берудің көшбасшысына айналып отыр. Бұл шаңырақтан түлеп ұшқан әрбір жас тек кәсіби білім алып қана қоймай, қоғамға пайда әкелетін парасатты азамат болып қалыптасуда.

Осы мерейлі күні колледж ұжымына сарқылмас жігер, шығармашылық табыс, жаңа жетістіктер мен толағай табыстар тілеймін. Әрбір түлегіңіздің кәсіби жолы сәтті болып, ел игілігіне қызмет ете берсін. Ынтымағы жарасқан ұжымның әр күні берекеге, ырысқа, ғылыми және шығармашылық ізденістерге толы болсын.

Политехтің тарихы – өткеннің тәжірибесі мен болашаққа бастар сенімді жол.

**Бозымбаев Болатжан Дәулетович,
Политехтің Құрметті қайраткері**





Юбилей колледжа – праздник поколений

От лица директора Центральноазиатского технико-экономического колледжа хочу от всего сердца поздравить коллектив Алматинского политехнического колледжа с юбилеем — 85-летием со дня основания! Это важная, торжественная дата, которая даёт повод оглянуться назад, оценить путь, которым вы прошли, и с уверенностью смотреть в будущее.

Наши колледжи, хоть и разные по направленности, связаны общей историей, общей задачей — подготовка квалифицированных кадров, воспитание личности, служение обществу.

Алматинский политехнический колледж имеет глубокие исторические корни. Он был основан в 1940 году как Алма-Атинский кинотехникум приказом Комитета по делам кинематографии СССР. Этот техникум был одним из первых на востоке страны учебных заведений такого профиля — киноискусства, монтажа, операторского дела.

Центральноазиатский технико-экономический колледж (ЦАТЭК) — наше учебное заведение — был создан в 1998 году, на базе Алма-Атинского кинотехникума, и тем самым является продолжателем его славной истории и лучших традиций. Сохраняются ценности качества, стремление к инновациям, высокая требовательность к учебному процессу.

Особая гордость Алматинского политехнического колледжа и Центральноазиатского технико-экономического колледжа — это преемственность кадров. В стенах колледжа и сегодня трудятся преподаватели, которые пришли ещё из легендарного Алматинского кинотехникума, продолжая

традиции и делясь уникальным опытом со студентами нового поколения. Среди них — София Александровна Буглакова, ведущий специалист по видео-, аудио- и киноаппаратуре; Анатолий Васильевич Османов, преподаватель радиоэлектроники, стоявший у истоков внедрения новейших схем и технологий; Андрей Александрович Медведев, эксперт по вычислительной технике и периферийным устройствам; Владимир Александрович Зеленин, который долгие годы воспитывает студентов через занятия физической культурой. Эти люди олицетворяют золотой фонд колледжа — связь времён, верность профессии и ученикам.

Не менее знаменательна и обратная сторона преемственности: в Центральноазиатском техни-



Буглакова С.А.



Османов А.В.

ко-экономическом колледже сегодня работают преподаватели, которые сами являются выпускниками Алматинского кинотехникума.

Наталья Николаевна Жаксыбаева, ведущий преподаватель программирования, и Ольга Александровна Усатова, специалист по сетевым технологиям, — яркие примеры того, как традиции, заложенные когда-то в стенах кинотехникума, находят продолжение в новых поколениях педагогов. Это прочный мост, связывающий два учебных заведения и их историю.

В этот знаменательный день хочу выразить глубокое уважение преподавателям, сотрудникам, ветеранам и студентам Алматинского политехнического колледжа:

- ♦ Вы проложили путь, полный сложностей и перемен, от первых дней техникума до современного политеха — с новейшими технологиями, с возможностями для талантливых молодых людей раскрыть себя.
- ♦ Вы доказали, что образование — это не просто передача знаний, но формирование культуры, ответственности, профессионализма.
- ♦ Вы поддерживаете связь с производством, с

рынком, с реальными нуждами экономики, и этим вы делаете колоссальный вклад в развитие города, региона, страны.

В ваш юбилей хочется пожелать:

1. Сохранение и развитие традиций — чтобы в вашем коллективе жила память о первых преподавателях и студентах (в том числе тех, кто ушёл на фронт во время Великой Отечественной войны) и чтобы эти истории вдохновляли новые поколения.
2. Инновации в обучении — новые формы, новые технологии, цифровизация, партнерства с компаниями, стажировки, проекты — всё это позволит оставаться на передовой образовательной практики.
3. Развитие материальной базы и возможностей студенчества — лаборатории, мастерские, оборудование, возможности творческой самореализации; спорт, культура, студенческая жизнь.

Дорогие друзья, 85 лет — это не только дата, это достижения, преодоления, память, надежды. От всего коллектива ЦАТЭК желаю Алматинскому политехническому колледжу крепкого здоровья, сплочённости, творческих успехов, процветания, новых высот в подготовке молодых специалистов, которые будут гордостью родного Казахстана.

Пусть ваши залы звенят смехом студентов, пусть преподаватели вдохновляют, а выпускники приносят славу alma mater!



Медведев А.А.



Зеленин С.В.

**С глубоким уважением,
Баймухамбетова
Жанар Куандыковна,
директор Центральноазиатского
технико-экономического колледжа**



«ALMATY POLITECHNIC COLLEGE - 85 ЖЫЛ!»

2025 жылы еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беру саласының қара шаңырағы, бірнеше буын мамандардың қалыптасуына жол ашқан, еліміздің техникалық білім беру жүйесінде ерекше орны бар оқу орны – Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің құрылғанына 85 жыл толып отыр. Бұл мерейтой Қазақстанда «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялануымен тұспа-тұс келіп, колледждің қоғамдағы рөлін, жұмысшы мамандар даярлаудағы маңызын екі есе арттыруда. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауындағы басым бағыттарды басшылыққа ала отырып, жасанды интеллект элементтері бар жобаларды әзірлеуге студенттерді тартуда. Колледждің осы бағыттағы үлесі еліміздің цифрлық экономикасын қалыптастыруда ерекше маңызға ие.

85 жылдық тарих – бұл үздіксіз даму, жаңғыру мен жаңашылдық жолы. Колледждің әрбір онжылдығы – еліміздің индустриялық дамуымен үндесіп, заманауи талаптарға сай білікті техникалық кадрлар даярлауға бағытталған жемісті еңбекпен өрілген.

Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі өзінің жұмысын 1940 жылы бастаған. Алғашында бұл оқу орны өндіріс саласына қажет жұмысшы мамандарды даярлау мақсатында ашылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында колледж қабырғасынан майдан мен тыл үшін қажетті техникалық кадрлар шығып, ел дамуына айрықша үлес қосты.

Кейінгі жылдары колледждің материалдық-техникалық базасы кеңейіп, жаңа мамандықтар ашылды. Елдегі экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге бейімделе отырып, оқу орны қазіргі заманғы еңбек

нарығының талаптарына толық жауап беретін техникалық колледжге айналды.

Бүгінде колледж – Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі беделді оқу орындарының бірі. Радиотехника, Электроника және телекоммуникация, Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету, Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері, Есептеу техникасы және ақпараттық желілер, Бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша мамандар даярлайтын оқу орны ретінде колледж еліміздің түрлі салаларында табысты еңбек етіп жүрген мыңдаған түлектерді мақтанышпен атап өтеді.

85 жыл ішінде колледж тек білім беретін мекеме ғана емес, жас ұрпақты тәрбиелеудің, кәсіби бағдар берудің, тұлғалық қалыптастырудың орталығына айналды. Колледж студенттері түрлі қалалық сайыстар мен олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болып, өз білімдері мен шеберліктерін дәлелдеп келеді.

Мерейтой колледж ұжымына, ардагер оқытушыларға, түлектерге және қазіргі студенттерге – өткен жолды бағамдап, болашаққа жаңа мақсатпен қадам басуға мүмкіндік беретін маңызды кезең.

Сөзімді қорыта келе, Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің 85 жылдық тарихы – бұл сапалы техникалық білім берудегі табандылық пен тұрақтылықтың жарқын көрінісі. Бұл – мыңдаған білікті маманның, өндірістің қозғаушы күшіне айналған тұлғалардың білім жолындағы алғашқы қадамы басталған мекеме.

Колледж ұжымы алдағы уақытта да кәсіби шеберлікті, білім сапасын арттыруды басты мақсат етіп, еліміздің өркендеуіне өз үлесін қоса бермек. 85 жыл – бұл тек үлкен жетістік емес, сонымен қатар жаңа мүмкіндіктер мен биік белестердің бастауы!

Бейсетбаев Асылхан Косылханович **Алматы көпсалалы колледжінің** **директоры**



Алтын ұя - 85 жылдық тарих және өрлеу жолы

Құрметті Медет Әсетұлы және ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE ұжымы, сіздерді шын жүректен 85 жылдық мерейлі тойларыңызбен құттықтаймын! 85 жыл – бұл талай ұрпақтың тағдыры тоғысып, сан мыңдаған білікті маман дайындалған ұлы жол.

Мен үшін ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE тарихы 2001 жылдан бастау алады. Алғаш рет осы киелі табалдырықты аттағанда, мені арнайы пәндер оқытушысы ретінде қабылдаған ұлағатты ұстаздарым Нүсіпбеков Серік Имансерікұлы мен Төлеуғали Мұхамеджанұлы Тайтулеевтің есімдерін әрдайым зор құрметпен атаймын. Олар білікті де білімді, көреген, әр ісі өнегелі, тәрбиелік мәні бар үлкен буын ағаларымыз. Осындай дана ұстаздардың арқасында мен мол тәжірибе жинап, кәсіби тұрғыда шыңдалдым.

Әсіресе, Серік ағамыздың басшылығымен жұмыс жасаған 10 жылдық кезең менің еңбек жолымдағы маңызды кезең болды. Осы уақыт ішінде мен қарапайым оқытушыдан бастап орынбасарлық қызметке дейін көтерілдім. Бұл - тек мансаптық өсу ғана емес, сонымен қатар ұжымның қолдауы мен сенімінің нәтижесі.

Политехтің қалыптасуына және көркейіп дамуына аянбай тер төккен әріптестерімді ерекше атап өткім келеді. Олар - Сейітбек Тоқтамуратұлы, Болатжан Дәулетұлы, Серік Жумакеевич, Асылбек Мажено-



вич, Мүслима Қойшыбайқызы, Райхан Алтайқызы, Ұлмаш Сатауқызы, Владимир Романович, Құлпан Мурсалиевна, Ғалия Байғалиқызы, Гүлнар Ертішқызы, Салиха Динқызы, Алия Есенжаровна, Жанат Даңғылқызы, Майя Қаршағақызы, Роза Тоқжігітқызы және тағы да жүзге жуық көз көрген асыл жандар. Әрқайсысының менің еңбек жолымда өз орындары бар. Барлығына алғысым шексіз! Сіздердің адал еңбектеріңіздің арқасында Политех бүгінгідей биіктерді бағындырып отыр.

2012 жылы басшылыққа Жабықбаев Нұрдеулет Жақыпбекұлы келгенде колледж қарқынды дамуын жалғастырды. Сол жылдары Ардақ Қанатқанқызы, Маржан Сабырқызы, Асылхан Қосылханұлы, Асыл Әділмұратқызы, Мира Мухтаровна, Назым



Жумахановна, Ермек Шаймуратович, Майя Туралиевна және тағы да басқа мықты арнайы пәндер оқытушыларымен жұмыла еңбек етіп, республика көлемінде үлкен жетістіктерге қол жеткізе бастадық.

Ал, 2017 жылы басшылыққа Омарбеков Медет Әсетұлы келген сәттен бастап, колледж түбегейлі 180 градусқа өзгерді десем, артық айтқандық емес. Себебі тек материалдық-техникалық база ғана емес, орынбасарлар мен оқытушылардың Политехтің дамуына деген көзқарасымыз, ой-өрісіміз мүлде басқа бағытқа ауысты.

Мен сол кездері тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болдым алайда басшының сарабал шешімімен директордың оқу ісі жөніндегі, кейін оқу өндірісі жұмысы жөніндегі, соңынан Республика көлеміндегі оқу-әдістемелік бірлестігі жөніндегі орынбасарлыққа ауыстырды және 2021-2023 жылдар аралығында WorldSkills Almaty кәсіби аймақтық чемпионатының 16-дан астам ІТ мамандық бағыттары бойынша техникалық комитет мүшесі болдым. Барлық бағыт бойынша үлкен жұмыстар атқарылып, нәтижесінде 2022-2023 жылдар аралығында тек қала көлемінде ғана емес, Республика және Халықаралық аренаға бағыттап дайындаған студенттеріміз үздік нәтижелерге қол жеткізді. Осындай түрлі бағыттардағы ауысулардың арқасында мен мол тәжірибе жинадым. Медет Әсетұлының кадрлық саясаты - бұл әрбір қызмет-

кердің әлеуетін толық ашуға бағытталған тиімді менеджмент үлгісі.

Политех - нағыз алтын ұя, ол қаншама білікті кадр дайындап шығарды. Алматы қаласының өзінде 10-нан астам мықты колледж басшылары және 20-дан астам орынбасарлар дәл осы Политех қабырғасынан түлеп ұшқан. Бұл - колледждің білім беру сапасының ең үлкен көрсеткіші.

Қазіргі таңда Политех тек республика көлемінде ғана емес, халықаралық дәрежеде танымал, инновациялық оқу орнына айналды.

85 жылдық мерейтой - бұл өткенге тағзым етіп, бүгінгі жетістіктерге қол жеткізгенімізді мақтан ететін және алдағы уақыттағы биік мақсаттарға серпін беретін айтулы сәт.

Ұжымға тілерім - сіздер әр кезде де зор құрмет пен асқан ризашылыққа лайықсыздар. Әрқашан колледждің мерейі үстем болып, егемен еліміздің гүлденуіне өз үлестеріңізді қоса беріңіздер.

Политех - үздіктердің үздігі!

Биік шыңдарда шарықтай бер, Политех, шарықтай бер!

Якенова Құралай Жұмабекқызы
UIB көпсалалы колледжінің директоры

POLYTECH85 –
ӨТКЕНГЕ ТАҒЫМ,
БҮГІНГЕ МАҚТАНЫШ,
БОЛАШАҚҚА СЕНІМ!

Бір қолымен бесікті ал екінші қолымен әлемді тербеткен

Менің шығармашылық әрі ұстаздық жолым Алматы машина жасау техникумына 1989 жылдың қыркүйегінде басталды. Жаңа ашылған бөлімге қазақ әдебиеті пәнінен сабақ беруге шақырылдым. Сонымен қатар бастауыш партия ұйымының жетекшісі қызметі тапсырылып, директор Ә.М.Қасеновтің сенімін ақтау – мен үшін үлкен жауапкершілік болды. Сол жылдары 195 қазақ тобына сабақ берумен қатар жатақхана жұмысына да жетекшілік еттім.

Алматы политехникалық колледжі болып қайта құрылған кезеңде басшы С.И.Нүсіпбеков мені колледждің әдістемелік жұмысына меңгеруші етіп тағайындады. Сонымен қатар қоғамдық міндет ретінде Алматы қалалық және облыстық қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің төрайымы қызметін атқардым. Сол жылдары оқу ісінің меңгерушілері С.Ә.Панабергенова мен Т.М.Тайтулеев, мұражай қызметкері М.Қ.Үсембаева үшеуіміз ұжыммен бірлесе қыруар жұмыс атқардық.

Әдістемелік еңбектеріміздің нәтижесінде кәсіби қазақ тілінен үш оқулық пен отыздан астам бағдарлама ҚР Білім министрлігі тарапынан жарық көрді. Ғалым басшы Н.Ж. Жабықбаев басқарған тұста ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арнайы сұраныспен сабақ бердім. Бөлім басшылары Б. Арапбаева мен З. Өмірзаққызы басшылық еткен жылдары есту қабілеті төмен оқушыларға арналған арнайы бағдарлама, нұсқаулықтар жасалды.

2014 жылы «Зерде» кітабым «Алматы Ақшамы» баспасынан жарық көріп, колледж кітапханасының қорын байытты. Ал колледждің 75 жылдық мерейтойында маған «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» атағы берілді.

Отбасым – өмірімнің тірегі. Бүгінде мен – бесінші буын ұрпақтың анасы, елуге жуық әулетім бар бәйтеректей үлкен әулеттің асылы. Кенже балам Қайрат – техникумның үздік түлегі, қызыл диплом иегері. Колледждің 85 жылдық мерейтойына орай біз Алланың шақыруымен қасиетті қажылық сапарға барып қайттық. Бұл да өмірімнің ең жарқын белестерінің бірі болды.

Аллаға сансыз шүкіршілік айтамын! Бүгінде ұрпағым түгел, бәрі толыққанды отбасылық өмір сүріп жатыр. Солардың бірі – қызым Әйгерім қазір Лос-Анджелесте отбасы мен сәбиінің қасында еңбек етіп жүр.



Политех қабырғасындағы еңбек жылдарым – өмірімнің үлкен мектебі, тағылымды дәуірі болды.

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Ұжымға шығармашылық табыс, биік жетістіктер, студенттерге білім мен арман жолында сәттілік тілеймін. Политехтің атақ-даңқы арта берсін, тарихы жаңа парақтармен толыға берсін!

**Байсақалова Ұлмаш Сатауқызы,
ардагер ұстаз**





Құрметті әріптестер, ардагер ұстаздар, қадірлі студенттер мен түлектер!

Сіздерді ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – колледждің ғана емес, еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің тарихындағы айтулы белес.

1940 жылы ашылған алғашқы кәсіптік оқу орындарының бірі ретінде колледж ондаған мың білікті де құзыретті мамандарды даярлап, еліміздің техника саласының маңызды секторларын кадрлармен қамтамасыз етті. Бүгінде заманауи жабдықталған колледж Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-инновациялық даму орталығына айналып отыр. Ғылыми ұйымдар мен бизнес қауымдастықтармен тиімді әріптестік орнатып, жаңа идеяларды жүйелі түрде енгізіп, оқытушылар мен студенттерді қолдау бағытында атқарған жұмыстар – ұжымның ізденісі мен табандылығының жемісі.

Колледж басшылығының кәсіби маман даярлауға, білім жүйесін бәсекеге қабілетті дамытуға ерекше көңіл бөліп отырғанын зор қуанышпен атап өтемін. Жаңғыру жолында ардагерлердің ақыл-кеңесін тыңдап, құрмет көрсету дәстүрін сақтап келе жатқандарыңыз – жастар үшін өнегелі тәрбие.

Өзім бұл қасиетті ұжымда 32 жылдай еңбек етіп, бүгінде ардагер болсам да жас ұстаздарды тәрбиелеуге үлес қоса беру – мен үшін үлкен мәртебе. Қазақ халқы қашанда ой-парасаты биік аға буынды қазына деп білген. «Қариясы бар үйдің – қазынасы бар» дегендей, сындарлы кезеңдерде өмірлік тәжірибесі мол ұстаздардың кеңесіне жүгіну – рухани құндылығымыз.

Осы мерейлі мереке қарсаңында колледжіме, колледж басшысы Медет Әсетұлына және ұжымға алғысымды білдіремін. Ардагерлерге деген құрмет пен сенім – білім ордасының берекесі мен өркендеуінің кепілі.

Құрметті әріптестер! Баршаңызды осы мерейлі мерекемен құттықтай отырып, ұжымға шығармашылық табыс, кәсіби жетістіктер, ел игілігі жолында жаңа белестерді бағындыруды тілеймін. Жоғары білікті, сапалы мамандарды даярлап, Қазақстанымыздың гүлденуіне қызмет ете беріңіздер!

**Ізгі ниетпен,
ардагер ұстаз, ҚР Білім беру ісінің
құрметті қызметкері,
«Эмили» Жоғары медициналық
колледжі әдістемелік қызметінің
басшысы
Молдағұлова Майя Қаршығақызы**







Менің колледжім – менің мақтанышым

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – менің өмірімнің ажырамас бөлігі. Осы қасиетті қара шаңырақта талай ұрпаққа жол сілтеп, кәсіби мамандардың қалыптасуына үлес қосып жүрген үлкен ұжымның бір мүшесі болғаным шын жүректен қуанамын.

Мен бұл оқу орнында ұзақ жылдар бойы кітапхана меңгерушісі қызметін атқардым. Білімнің бастауы – кітап десек, сол білім ордасының жүрегі саналатын кітапхананы дамыту, студенттерге қолайлы әрі тиімді орта қалыптастыру – менің басты міндетім әрі жүрек қалауым болды. Бұл мен үшін жай ғана жұмыс емес, өмірлік миссиям еді.

Ұжымымды ерекше жақсы көрдім. Жылдар бойы қалыптасқан бірлік, өзара сыйластық пен түсіністік, бір үйдің баласындай ынтымақ – колледждің табысты дамуының берік негізі болды. Басшылықпен де, студенттермен де әрдайым сыйластық пен ынтымақтастық орнатып, қызметімді абыроймен атқардым. Еңбегім елеусіз қалған жоқ, түрлі марапаттар мен алғыстарға ие болдым.

Кім қияды өзі ұшқан ұясын,
Кім жамандар өзі шыққан қиясын?
Табы қалар тас үстінен су ақса,
Тарих қалар ақ қағазға сия ақса.



Бұл алтын ұя – білім ордасы менің өмірімнің маңызды бөлігі болып қала бермек. Бүгінде мерейлі 85 жылдық мерекеге куә болып отырғаным қуаныштымын. Колледжіміздің келешекте де жарқырап, талай жарқын жетістіктерге жете беруіне тілекшімін.

**Сұлтанғалиева Алима Нұрғалиқызы,
ардагер ұстаз**



«Моя жизнь – в профессии педагога»



Моя жизнь неразрывно связана с образованием, со студентами и коллегами, с кафедрой, которой я отдала многие годы. Всё, чего я достигла, я достигла благодаря труду, вере в профессию и любви к своему делу.

В 1975 году я окончила Казахский педагогический институт имени В. И. Ленина. Ещё тогда у меня было желание не просто работать, а приносить пользу, создавать что-то новое для будущих поколений. После окончания института я осталась в нём работать – сначала старшим лаборантом, затем инженером, старшим инженером и младшим научным сотрудником. Эти годы дали мне неоценимый опыт, научили упорству и ответственности.

В 1989 году моя судьба связала меня с Алматинским машиностроительным колледжем, впоследствии АГПК. Здесь я нашла своё истинное призвание. Я преподавала специальные дисциплины по направлениям «Технология машиностроения» и «Радиоэлектроника и связь», руководила кафедрами, которые стали ведущими в колледже. Для меня важно было не только передать знания, но и воспитать в студентах любовь к профессии, научить их думать, творить, быть полезными обществу.

Я горжусь тем, что под моим руководством были созданы и реконструированы учебные лаборатории, переоборудованы мастерские, открыта учеб-

ная телестудия. Всё это стало частью современного образовательного процесса.

Особое место в моей работе занимала методическая деятельность. За годы работы мной разработано более ста типовых учебных программ на государственном и русском языках. Эти программы были внедрены во многих колледжах Казахстана. Также я принимала участие в разработке типового государственного стандарта по специальности «Технология машиностроения». Это стало значимой вехой в моей профессиональной биографии.

Мой педагогический путь длился более 50 лет. За это время я встречала сотни студентов, и каждый из них оставил след в моём сердце. Я счастлива, что мои выпускники нашли себя в профессии и востребованы на рынке труда. Это – главная награда для Учителя.

Мой труд был отмечен Почётными грамотами города Алматы, Министерства образования и науки Республики Казахстан, нагрудными знаками «Ы. Алтынсарина» и «70 лет Алматы кинотехникуму». Но самые дорогие награды для меня – это благодарные глаза студентов и уважение коллег.

Я желаю процветания политехническому колледжу, пусть ваше будущее будет светлым, а знания, полученные в стенах колледжа, помогут вам достичь успеха и признания.

Урынгалиева Маржан Айпкалиевна, ардагер ұстаз



Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз

Мен, Баймолдина Ғалия Қожамжарқызы, Алматы политехникалық колледжінде 1996 жылдан 2013 жылға дейін қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі және мемлекеттік тілде іс жүргізу пәндерінен дәріс бердім. Осы жылдар ішінде қала және республика деңгейінде көптеген шығармашылық жұмыстар атқардым.

Еңбегім еленіп, алғыс хаттармен, мақтау және құрмет грамоталарымен марапатталдым. Алматы қаласы колледждер қауымдастығының құрмет грамоталары мен Алматы қаласы Білім басқармасының марапаттары – кәсіби жолымдағы жетістіктерімнің айқын дәлелі.

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық



мерейтойы құтты болсын! Бұл мереке – білім ордасының тарихын дәріптейтін, ұжымның еңбегін айшықтайтын айтулы күн.

Колледждің әкімшілік және педагогикалық ұжымын шын жүректен құттықтай отырып, сіздерге мықты денсаулық, бақыт, шығармашылық табыс және жаңа белестерді бағындыруды тілеймін!

Білім мен тәрбие алған шәкірттеріміз Ұлы Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген аманатын орындап, елімізде өз орындарын тауып, жетістіктерімен қуанта берсін. Әрбір шәкірттің жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Алдағы уақытта да колледжіміздің табысы артып, шығармашылық шабыт пен жаңа идеяларға толы болсын!

**Баймолдина Ғалия Қожамжарқызы,
ардагер ұстаз**

Ұстаздық жол – ұлағат жолы

1993–2015 жылдар аралығында мен Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінде қазақ тілі мен әдебиеті, сондай-ақ мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу пәндерінен сабақ бердім. Жалпы еңбек жолымның 40 жылдан астам уақыты білім беру саласына арналды.

Осы жылдар ішінде мен өзімді сергек, ізденімпаз болуға, әр сабақты шығармашылықпен өткізуге және шәкірттердің білімге деген қызығушылығын арттыруға арнадым. Жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын көтеруге бар күшімді жұмсадым.



Колледж ұжымында әріптестерімнің сеніміне, студенттер мен ата-аналардың құрметіне бөленгенім – мен үшін үлкен мәртебе. Әрдайым тынымсыз еңбек етіп, парасат пен кәсіби біліктілікті алдыңғы орынға қойдым. Жас ұстаздарға бағыт-бағдар беріп, тәжірибеммен бөлісу – ұстаздық жолымның ең маңызды бөлігі болды.

Мен үшін ұстаздық қызмет – табанды еңбек пен шәкірт жүрегінен орын алған шынайы абыройдың белгісі.

85 жылдық мерейлі мерекеде колледж ұжымына шығармашылық табыс, биік жетістіктер тілеймін. Бұл алтын ұя талай буынға білім беріп, еліміздің дамуына үлес қоса берсін!

**Нұрғалиева Фаню Степанқызы,
ардагер ұстаз**

Кинотехникумнан цифрлық технологиялар колледжіне дейін: білімнің өркендеуі



Мен, Сейтов Нұрболат Мұхитұлы, 1989 жылы Алматы кинотехникумына оқуға түсіп, 1992 жылы үздік аяқтадым. Сол жылы өзім түлеп шыққан білім ордасының «Төменгі жиілікті күшейткіштер» зертханасына зертханашы болып қабылдандым. 2000 жылы сырттай оқу бөлімінің әдіскері, 2001–2004 жылдары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ал 2004–2013 жылдары «Радиоэлектроника және байланыс, Машинажасау технологиясы» бөлімдерінің меңгерушісі қызметін атқардым. 2013 жылдан бері арнайы пәндер оқытушысы ретінде шәкірт тәрбиелеудемін.

2025 жылы 85 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің тарихы терең, дәстүрі мықты оқу орындарының бірі. XX ғасырдың 40-жылдарында Алматы кинотехникумы ретінде алғашқы қоңырауын соққан бұл оқу орны еліміздің техникалық кадрлар даярлау ісінде айрықша рөл атқарып келеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін колледж жаңа серпін алып, заман талабына сай білім беру үдерісін жаңғыртуға, халықаралық тәжірибелерді енгізуге, дуалды оқытуды дамытуға бағытталды. Оқу орнының атауы өзгеріп, жаңа мамандықтар ашылды.

Бүгінде колледж – тек техникалық білім беретін мекеме ғана емес, кәсіби шеберлік пен шығармашылықты, жобалық ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін орталық. 85 жыл ішінде мыңдаған түлек түлеп ұшып, елдің түкпір-түкпірінде абыройлы еңбек етіп жүр.

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – бұл тек өткеннің ғана емес, болашақтың да колледжі. Дәстүр мен жаңашылдықты, білім мен тәжірибені, кәсіптік бағдар мен цифрлық ойлауды ұштастыра отырып, ол еліміздегі техникалық білімнің жарқын үлгісі болып қала береді.

85 жылдық тарихы бар колледжіміздің абыройы артып, келешегі кемел, жетістігі жемісті бола берсін!

Сейтов Нұрболат Мұхитұлы, арнайы пәндер оқытушысы

Сапалы білім беріп – саналы ұрпақ тәрбиелеу

Мен, Акимов Мурат Мағазұлы, 1990 жылы Алматы кинотехникумының «Киноқондырғылар және бейнетехника» мамандығына оқуға түсіп, «Техник-электромеханик» біліктілігін алдым. 1993 жылдан бастап ұстаздық қызметке кірісіп, осы қара шаңырақта арнайы пәндер оқытушысы болып қызмет атқарып келемін.



2024 жылы «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығы бойынша РЭС20-4 тобының жетекшісі ретінде 21 студентті түлеттім. Олар бүгінде өз мамандықтары бойынша еліміздің түрлі салаларында табысты еңбек етуде. Мысалы, Элжанұлы Медет – «Қазмедиа» орталығында «Ашық алаң» бағдарламасының жетекші бейнеинженері, Попова Елизавета – «Еуразия» арнасында бейнеинженер, Әбу Әли – «Шабьт» ұлттық өнер университетінің студенті, ал Абдулла Райымбек – «Қазақфильм» студиясында қоюшы оператор болып еңбек етуде.

Соңғы жылдары «Жас маман» жобасы аясында колледждің материалдық-техникалық базасы жаңа деңгейге көтерілді. Заманауи жабдықтар орнатылып, ұлттық және халықаралық деңгейде сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік жасалды. Колледж WorldSkills Kazakhstan чемпионаттарына қатысушыларды дайындауда да зор жетістіктерге жетіп отыр.

Осының барлығы сапалы білім беруге және саналы ұрпақ тәрбиелеуге жасалған жағдайдың айқын көрінісі.

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл қара шаңырақ – еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан алтын ұя.

Ұжымға шығармашылық табыс, студенттерге биік арман мен жарқын болашақ тілеймін. Колледжіміздің абыройы асқақтап, ел болашағына қызмет ететін талай шәкіртті тәрбиелей берсін!

Акимов Мурат Мағазұлы, арнайы пәндер оқытушысы

Ұстаздық жолым – өмірлік ұстанымым

Алғаш еңбек жолымды 1994 жылы Алматы кинотехникумында қазақ топтарында мемлекеттік тілде дәріс беруден бастадым. Қазақ даналығы айтқандай: «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты». Менің кәсіби қалыптасуыма тәлімгер ұстазым Боржим Сергей Львович пен ұжымдағы дара тұлға, колледж директоры Нүсіпбеков Серік Имансерікұлының ықпалы



ерекше болды. Қарапайым қазақ қызына үлкен ұжымда педагог болудың қыр-сырын үйреткен ұстаздарыма әрдайым ризашылығым шексіз.

1997 жылы Алматы кинотехникумы Алматы политехникалық колледжі мәртебесін иеленді. Осы жылдардан бастап кәсіптік білім беру саласында болған өзгерістерге бейімделіп, заман сұранысына сай кәсіби мамандарды даярлау ісіне өз үлесімді қосып келемін.

Білім жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы аясында ғылыми-әдістемелік бағытта жаңа үлгідегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқулықтар, мемлекеттік тілде дайындалған оқу-әдістемелік кешендерді жасауға белсене қатыстым. 2020 жылы «Политехникалық колледжінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, сондай-ақ ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталуым – осы еңбектерімнің нәтижесі.

Шәкірттердің әр жетістігіне қуану, олардың табыстарынан ұстаздық еңбектің жемісін көру – мен үшін үлкен бақыт. 30 жыл бойы ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE қызмет ете жүріп, мыңдаған шәкіртті тәрбиелеп, кәсіби жолға бағыттағаным мақтанамын. Ұзақ жылдар «Бағдарламалық қамтамасыздандыру» кафедрасының меңгерушісі болдым, бүгінде өзім тәрбиелеген шәкірттермен бірге бір ұжымда қызмет жасап жүргенім – үлкен мәртебе.

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы педагог Мағжан Жұмабаев: «Алты алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген. Шын мәнінде, ұстаздық мәртебе – құрметтің төрінде тұруға лайық.

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл оқу орны – кәсіби білім берудің алтын діңгегі,

ұрпақ сабақтастығын жалғаған қасиетті қара шаңырақ. Колледжіміздің абыройы артып, келешекте де мыңдаған шәкіртке жол көрсетіп, еліміздің дамуына үлес қоса берсін!

Бердибаева Салиха Диновна, «Ақпараттық жүйелер» бөлімінің арнайы пәндер оқытушысы

Ұрпақ сабақтастығындағы оқу әдістемесінің эволюциясы



Білім беру – қоғам дамуы мен өркендеуінің басты құралы. Әр ұрпақ алдыңғы буынның тәжірибесі мен рухани мұрасын қабылдап, оны заманауи талаптарға сай бейімдеп, жаңғыртып отырады. Бұл үдеріс ұрпақ сабақтастығы деп аталады.

Тарихқа көз жүгіртсек, ежелгі түркілер заманында білім беру негізінен ауызша түрде жүзеге асып, ақсақалдар мен абыздар арқылы жеткізілді. Бұл кезеңде білім – шеберлік, өмірлік тәжірибе және ауыз әдебиеті арқылы беріліп отырды. Осы сабақтастықтың ажырамас бөлігі – оқу әдістемесінің үздіксіз эволюциясы болды. Әдістемелер уақыт талабына сай өзгеріп, қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланыста дамыды.

Қазақстандағы білім беру жүйесінде бұл сабақтастыққа көптеген оқу орындары үлес қосты. Солардың бірі – 85 жылдық тарихы бар Алматы кинотехникумы. Ол кәсіби білім беру жүйесінің алтын діңгегіне айналып, оқу әдістемесінің эволюциясында ерекше орын алды. 1940 жылы Ұлы Отан соғысы қарсаңында Азия елдерінде алғашқы техникалық оқу орындарының бірі болып ашылған кинотехникум – ғылым мен мәдениетті тоғыстырған ерекше орда болды. Аңызға айналған деректерге сүйенсек, соғыс жылдарында техникум ғимаратында қару-жарақ сақталған. Соған қарамастан, білім мен ғылым тоқтаған жоқ, қайта өркендеп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан оқу әдісте-

месі ұлттық мәдениеттің сақталуына және жаңғыруына ықпал етті. Мұнда сабақ беру тек техникалық дағдыларды үйретумен шектелмей, рухани тәрбие мен шығармашылыққа да бағытталды.

Білім беру – қоғамның рухани өзегін құрайтын мәңгілік құндылық. Ал сабақтастық – уақытпен ұштасқан тәжірибе мен жасампаздықтың өзара байланысы. Ұрпақ сабақтастығы – тек кәсіби тәжірибенің берілуі ғана емес, сонымен бірге рухани, мәдени, адамгершілік құндылықтардың жалғасуы. Бұл ұстаздық қызметтің мәнін айқындай түседі: ұстаз еңбегі – ұрпаққа аманатталған рухани қазына.

Осы тұрғыдан алғанда, 1996 жылы Алматы кинотехникумында алғаш рет оқытушылық қызметке келген сәтім есімде. Ол кезде мен үшін бұл оқу орны тек ұстаздық жолдың бастамасы емес, білім мен тәрбиенің сабақтастығын жалғаған, рухани жауапкершілікке жетелеген үлкен өмір мектебі болды. Мұнда өткізген әр күн менің кәсіби болмысымды қалыптастырып қана қоймай, адам тәрбиесіне жауапты тұлға ретінде өсіп-жетілуіме ықпал етті.

Бұл – менің ұстаздық тағдырымның бастауы әрі рухани дамуыма жол ашқан киелі қара шаңырақ. ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, ұжымға толағай табыс, ұстаздарға шығармашылық шабыт, студенттерге жарқын болашақ тілеймін!

Турсынбаева Маржан Еришевна, арнайы пәндер оқытушысы

Қара шаңырақтағы тағылымды жылдар

Биыл білім мен ғылымның қара шаңырағы – ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жыл толып отыр.

XX ғасырдың 40-жылдары алғашқы қоңырауын соққан Алматы кинотехникумы сол кезеңде өз саласындағы жалғыз оқу орны болып қала берді. Сол кезден бастап бұл шаңырақ мыңдаған түлектің өміріне жол ашып, еліміздің дамуына үлес қосатын білікті мамандарды даярлады.

Колледж тарихында дамудың ауыр жүгін өз иығына алып, ұжымды біріктірген, шығармашылық қызметке жол ашқан тұлғалардың еңбегін ұмытпауымыз керек. Әр студентке өз орнын табуға, мінсіз адамгершілік пен кәсіби шеберлікті меңгеруге жағдай жасау – оқу орнының басты мақсаты болып қала берді.

Мен 2002–2024 оқу жылдары аралығында осы ұжымда ағылшын тілі пәнінің оқытушысы болып еңбек еттім. Көп жылдар бойы шәкірттеріме білім беріп қана қоймай, олардың бойына тәрбие мен өмірлік құндылықтарды сіңіруге тырыстым. Бұл



жылдар мен үшін ерекше тағылым мектебі болды.

Қазіргі таңда колледж директоры Медет Асетұлы Омарбековтің басшылығымен қара шаңырағымыз жаңа деңгейге көтерілді. Бүгінгі таңда колледж – заманауи талаптарға сай жабдықталған, спорт, мәдениет, қоғамдық шаралар, ғылым, білім және инновациялық өндіріс интеграциясы бағытында алдыңғы қатардағы оқу орындарының бірі.

Құрметті әріптестер, қадірлі ұстаздар! Сіздерді колледждің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Колледжіміздің абыройы арта берсін, алдағы уақытта да жарқын жетістіктерге жете берейік!

Исабекова Гулайым Қорғанбекқызы, ардагер ұстаз

Алматы ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық мерейтойына арнау

Биыл еліміздің техникалық білім беру саласында айрықша орны бар – ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық мерейлі мерекесі аталып өтуде! Бұл – бірнеше буынның білімін шыңдап, мыңдаған маман қанат қаққан қасиетті қара шаңырақ.

Мен осы ұжымның бір мүшесі ретінде өзімді бақытты санаймын. 1995 жылдан бері осы колледжде медбике болып қызмет атқарып келемін. Бұл жылдар мен үшін тек еңбек жолы ғана емес, үлкен өмір мектебі болды.

Колледж ұжымын ерекше құрметтеймін. Мұндағы әріптестерім – білімді, жауапты, ынтымақты жандар. Басшылықпен де, студенттермен де өзара түсіністікке негізделген орта қалыптастырдық. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп жүрген ұстаздарға қолдау көрсету – менің күнделікті міндетім ғана емес, жүрек



қалауым.

Жұмысымды әрдайым ыждағаттылықпен, жауапкершілікпен атқаруға тырыстым. Себебі колледж – менің екінші үйім, ал оның дамуына аз да болса үлес қосу – үлкен мәртебе.

85 жыл – бұл терең тарих, тағылым мен табыстың көрінісі. Мерейлі мереке колледж ұжымына жаңа жетістіктер, мол шығармашылық шабыт әкелсін!

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE жасай берсін, еркендей берсін!

Ізгі тілекпен,

Бейсетбаева Ғалия Байғалиевна

Менің өмірімнің мәні – Политех

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – еліміздің білім беру саласындағы көшбасшы оқу орындарының бірі. 85 жылдық тарихы бар осы киелі қара шаңырақ – талай буын түлеп ұшқан, мыңдаған маман қалыптасқан қасиетті орда.

Мен үшін бұл колледж – жай ғана жұмыс орны емес, өмірімнің мәні мен мақсатына айналған үлкен мектеп. 2003 жылдан бері экономист-бухгалтер мамандығы бойынша арнайы пәндерден дәріс беріп келемін. Осы уақыт ішінде ұстаздық еңбектің қуанышы мен жауапкершілігін қатар сезініп, шәкірттерімнің жетістігін өз жеңісімдей қабылдап келемін.

Колледжіміздің тарихы – ел дамуына үлес қосқан мыңдаған түлектің тағдырымен сабақтас. Жылдар бойы ол заман талабына сай жаңарып, озық технологиялар мен әдістемелерді енгізіп, бәсекеге



қабілетті мамандар даярлап келеді. Мұның бәрі ұжымның бірлігі мен кәсібилігінің арқасы.

Еңбегім еленіп, түрлі деңгейде марапаттарға ие болдым. Алматы қаласы Білім басқармасы, «Нұр Отан» (қазіргі «Аманат») партиясы, ҰКП «Атамекен», кәсіподақ ұйымы және аудандық әкімдік тарапынан бірнеше рет алғыс хаттар берілді. 2020 жылы «Колледждің құрметті қызметкері» медалімен, Білім министрінің Құрмет грамотасымен марапатталдым. Бұл марапаттар – тек менің еңбегімнің ғана емес, бүкіл ұжымымыздың ортақ жеңісі.

85 жыл – үлкен белес. Бұл – сапалы білім мен тәрбиенің нәтижесі, ұстаздардың еңбегі мен студенттердің табысының жемісі. Осы мерейлі күн қарсаңында әріптестеріме зор денсаулық, сарқылмас жігер мен шығармашылық табыс тілеймін. Біздің колледжіміз әрдайым білім мен кәсібиліктің шамшырағы болып, талай буынға жол көрсетіп, елдің өркендеуіне үлес қоса берсін!

Байбалакова Жанат Даңғылқызы,
арнайы пәндер оқытушысы

Озық тәжірибе – уақыт талабы

2025 жылы өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE — еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше орны бар, тарихы терең, болашағы кемел білім ордасы. Осы киелі шаңырақта 22 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы ретінде менің кәсіби қалыптасуым да, шыңдалуым да осы ұжыммен тығыз байланысты.

Колледжге алғаш келген сәттен бастап өз ісіне адал, білікті, жаңашыл ұстаздармен қатар жүріп, тәлім алуға, тәжірибе жинауға мүмкіндік алдым. Байсақалова Ұлмаш Сатауқызы, Баймолдина Ғалия Қожамжарқызы, Үсембаева Муслима Қойшыбайқызы, Тортаева Қапиза Долдашқызы сынды ұстаздардың сабақ беру әдістемесі мен студентке деген ықы-



ласы – мен үшін үлкен мектеп болды.

Осы уақыт ішінде үздіксіз ізденіп, білім берудің жаңаша әдіс-тәсілдерін меңгеріп, тәжірибем енгіздім. Әр сабағымда шешендік сөздер мен көркем әдеби мұраларды пайдаланып, студенттердің тіл мәдениетін, ойлау қабілетін, дүниетанымын кеңейтуге баса назар аударамын.

Сонымен қатар, бес жыл бөлім меңгерушісі болып, ұжымдық тәжірибені жетілдіруге, әдістемелік бірлестік жұмысына серпін беруге атсалыстым. Бұл кезеңде ұйымдастырушылық және көшбасшылық қабілеттерімді дамытып, әріптестермен бірлескен ашық сабақтар, семинарлар, шығармашылық жобаларды жүзеге асыру кәсіби ортадағы сенімді қарым-қатынастың жемісіне айналды.

Қазіргі таңда колледждің әдіскері ретінде педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетіп, тәжірибе таратумен қатар, оқу үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды үйлестірудемін.

Колледж – мен үшін тек жұмыс орны емес, ұстаздық өмірімнің шежіресі. «Озық тәжірибе – уақыт талабы» десек, осы талапқа сай болу үшін ұстаз әрқашан ізденісте болып, жаңашылдыққа ұмтылуы тиіс. Алдағы уақытта да осы жауапкершілікті абыроймен атқарып, кәсіби биіктерге бірге ұмтылуға бар күшімді жұмсаймын.

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – кәсіби білім берудің алтын діңгегі, ұрпақ сабақтастығын жалғаған қасиетті қара шаңырақ. Колледжіміздің мерейі артып, жаңа биіктерді бағындырып, еліміздің дамуына үлес қоса берсін!

**Дюсембекова Ардақ Қанатханқызы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
оқытушысы**

Тарихпен тамырлас, біліммен болашаққа

85 жыл – бұл тек уақыттың өлшемі ғана емес, тағылымға толы тарих пен сапалы білім, саналы тәрбие берген ұлы мектептің жүріп өткен сара жолы. ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – талай буынды тәрбиелеп, ел дамуына зор үлес қосып келе жатқан қасиетті қарашаңырақ. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше орны бар, тарихы терең, болашағы кемел осы білім ордасының өткені мен бүгінге көз жүгіртіп, келешегіне үмітпен қарау – әрбір ұстаз үшін үлкен мәртебе.

Мен үшін ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – ұстаздық жолымды жалғастырушы, өмірлік бағытымды айқындаушы шамшырақ. 2004 жылдан бері осы оқу орнында қызмет атқарып келемін. 2005–2008 оқу жылдары «Жас келсе іске» атты жас мамандар мектебінің жетекшісі, ал 2009–2022 жылдары «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі болдым.

«Ұстаз еңбегінің жемісі – шәкіртінің жеңісі» деген-



дей, шәкірттерімнің әрбір жетістігі – мен үшін ең үлкен мақтаныш. Колледждегі тәрбие жұмысын заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып мазмұнды да мәнді жүргізуге тырыстым. Қалалық, республикалық деңгейдегі байқаулар мен жарыстарда оқытушылар мен студенттеріміздің жеңімпаз атануы – осы еңбектің жемісі.

Оқушыларым Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Ахмет бізбен бірге!» брейн-рингінде II орын алып, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған «Қилы заман» шығармасы бойынша өткен қалалық «Ой-көкпар» сайысында I орынға ие болды. «Оқуға құштар колледж» жобасы аясындағы байқауда шәкірттерім үздіктердің қатарынан көрінді.

85 жыл ішінде колледж тек білім беріп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды, еңбексүйгіштік пен мамандыққа адалдықты бойына сіңірген мыңдаған түлек тәрбиелеп шығарды. Олардың ел экономика-

сының түрлі саласында еңбек етіп жүргені – оқу орнының еңселі жетістігі.

Колледждің тарихы – ұстаздардың қажырлы еңбегінің, студенттердің білімге деген ынтасының нәтижесі. Ал болашағы – бүгінгі ұрпақтың қолында. Біз, ұстаздар, сол болашақтың берік іргетасын қалаушылармыз.

85 жылдық мерейтой – әр ұстаздың, әр студенттің жүрегіндегі қуаныш. Біз өткенге тағзым етіп, болашаққа сеніммен қадам басамыз. Өйткені біздің колледж – тарихпен тамырлас, ал болашағы – біліммен нұрланған!

85 жылдық мерейтойың құтты болсын, ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE!

Ахметова Алмагүл Апетаевна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Мне дорого здесь все ...

**Ничто так не побуждает стать лучше,
как доброе слово умного наставника.
Р.Я. Малиновский**

В жизни у каждого человека наступает веха, которая становится переломным этапом в его жизни. Для меня таким стал 2005 год, когда я переступила порог Алматинского политехнического колледжа. Человеком, который помог в работе, научил быть требовательной к самой себе, стала Усембаева Муслима Койшибаевна. Ее неутомимая энергия, харизма, стремление к познанию нового давали заряд к творчеству.

Есть такая цитата: «Ничто так не побуждает стать лучше, как доброе слово умного наставника». Таким наставником для меня стала Сазанбаева Райхан Альтаевна – умный, грамотный, душевный человек. Ее советы, поддержка, порой строгий окрик: «Где изюминка твоего урока?» - заставляли меня искать новые подходы и возможности.

Политех называют кузницей кадров, и это не зря, под руководством Нусупбекова С.И. была воспитана и подготовлена плеяда талантливых руководителей системы профессионального и технического образования: Тайтулев Толеугали



Мухамеджанович, Сулейменов Сейтбек Токтамура-тович, Магазов Ербол Жарулаевич, Бозымбаев Болатжан Даулетович, Бейсетбаев Асылхан Косылханович, Дуйсекова Гульнар Ертышевна, Якенова Куралай Жумабековна. Я признательна каждому из них за опыт, наставление, советы и поддержку, полученные в процессе совместной работы.

Накануне своего 85-летия колледж стремительно изменился. Под руководством Омарбекова Медета Асетовича учебное заведение не только сменило название, но и стало современным инновационным колледжем, с передовой материально-технической базой. Задачи, которые нынешнее руководство ставит перед коллективом, не дают стоять на месте, так как для соответствия современным запросам нужна постоянная работа над собой, дальнейшее самосовершенствование.

Как-то мне был задан вопрос: «Нравится ли мне работать в нашем колледже?». Я могу с уверенностью сказать: «Мне дорого здесь все...»

Сонурова Мира Мухтаровна, преподаватель русского языка и литературы

**Учитель, гордящийся своими
учениками**

С 2005 года моя профессиональная жизнь неразрывно связана с ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – учебным заведением с богатой историей, устоявшимися традициями и высоким авторитетом в системе технического и профессионального образования Казахстана. Для меня колледж стал не только местом работы, но и настоящей школой жизни, где каждый день наполнен опытом, вдохновением и общением с замечательными людьми.

За годы работы я всегда стремилась быть не только преподавателем, но и наставником для своих студентов. В профессии ценю неравнодушные, требовательность и постоянный поиск новых методов. Самое большое счастье для меня –



видеть успехи своих учеников и ощущать сопричастность к их достижениям.

Мой многолетний и добросовестный труд отмечен Почётными грамотами Управления образования города Алматы, а также многочисленными благодарственными письмами за вклад в развитие образования и воспитание подрастающего поколения.

От всей души поздравляю вас с 85-летним юбилеем ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE. Этот колледж — не просто учебное заведение, а настоящая кузница знаний и талантов, объединяющая традиции прошлого и инновации настоящего. Пусть он и дальше остаётся символом качества, трудолюбия и вдохновения для многих поколений. Желая всему коллективу крепкого здоровья, неиссякаемого энтузиазма, новых побед и больших достижений во благо будущего Казахстана!

**Шукирбекова Салтанат Токтаровна,
преподаватель русского языка
и литературы**



Педагогическая философия Малаевой Гульмиры Аклановны



Педагогическое кредо, которого я придерживаюсь, простое и вместе с тем ответственное: регулярно пополнять и совершенствовать свои знания, соответствовать времени и его вызовам. Только такой педагог сможет воспитать достойную смену поколений.

Работая преподавателем русского языка и литературы в Almaty Polytechnic College с 2006 года, я обрела здесь не просто место работы, а настоящую школу профессионального роста, творчества и вдохновения. Моя цель — не только научить студентов грамотно и уверенно говорить, но и привить им любовь к языкам, уважение к богатству русской и казахской словесности. Чтобы молодые люди умели ясно выражать свои мысли и свободно выступать перед аудиторией, я ежегодно веду кружок ораторского мастерства.

Для меня важно, чтобы каждый выпускник покидал стены колледжа не только с багажом знаний, но и с культурой речи, с умением мыслить самостоятельно и отстаивать свои идеи.

За годы работы мне посчастливилось заниматься научно-методической деятельностью. Я являюсь разработчиком тестовых заданий и экспертом в НЦТ по русскому языку и литературе для КТА и ОЗП, автором электронного учебника по русской литературе для 6 класса, соавтором пособия по русскому языку для колледжей. Мне довелось участвовать в создании методических материалов («Планирование урока», «Сборник упражнений по русскому языку и литературе»), а также составить авторскую программу для студентов колледжей. Помимо этого, я являюсь региональным тренером ЦПМ, внештатным лектором ЦПК «Өрлеу», магистром педагогических наук.

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE для меня — это не просто место работы. Это моя вторая семья, школа профессионального роста и источник вдохновения. Здесь я обрела уверенность в собственных

силах, встретила коллег, которые стали единомышленниками, и самое главное — студентов, ради которых хочется развиваться и совершенствоваться каждый день.

Каждый успех моих учеников я переживаю как личную победу. Ведь самое ценное для педагога — видеть, как вчерашние студенты становятся профессионалами и достойными гражданами своей страны.

В преддверии 85-летнего юбилея хочу сказать: я горжусь, что являюсь частью истории колледжа. Пусть он и дальше остаётся флагманом образования, где традиции и инновации идут рука об руку.

Малаева Гульмира Аклановна, преподаватель русского языка и литературы

Политех — кузница кадров

В Алматинский государственный политехнический колледж я была принята преподавателем русского языка и литературы 1 сентября 2011 года. С первых дней работы ощутила искреннюю поддержку коллег по кафедре, где трудились такие замечательные педагоги, как Косаева Мадина Рысбековна, Сонурова Мира Мухтаровна, Малаева Гульмира Аклановна, Токтамуратова Айнура Айтказиевна, Шукирбекова Салтанат Токтаровна. Работать бок о бок с такими сильными и профессиональными людьми было настоящим удовольствием.

Моей первой группой стала УА (учёт и аудит), затем Т-1Б — «звёздная» группа, состоящая исключительно из юношей. Именно она принесла колледжу большие победы на конкурсах WorldSkills. Студент Дмитрий Винокуров занял I место на национальном чемпионате WorldSkills Kazakhstan, III место в финале V Национального чемпионата WorldSkills Russia и представлял Казахстан на мировом чемпионате WorldSkills в Абу-Даби. Но успеха достиг не только он: Корнилов Владимир, Федотов Дмитрий, Баленко Роман, Денисюк Роман и Ержанов Темирлан также стали призёрами межрегионального чемпионата WorldSkills-2018. Безусловно, это результат труда преподавателей спецдисциплин, но я верю, что вклад куратора — в мотивации и поддержке студентов — тоже немаловажен.

За первый учебный год я повысила категорию с первой до высшей. Работала усердно, потому что нас вдохновляла молодая, энергичная администрация колледжа. Директор Медет Асетович Омарбеков однажды сказал после посещения



моего урока: «Я с большим удовольствием хотел бы видеть вас преподавателем своих собственных детей». Эти слова стали для меня высокой наградой. Заместитель директора по УР Бейсетбаев Асылхан Косылханович всегда радовался победам студентов моей группы и называл её «звёздной». Большую поддержку в подготовке к конкурсам WorldSkills оказывала Маржан Сабыровна Маликова, тогда преподаватель специальных дисциплин, ныне заместитель директора по УР. А Куралай Жумабековна Якенова, заместитель директора по воспитательной работе, провожая меня на пенсию, сказала: «Вы будете работать до глубокой старости с нами, пока у вас будут силы». Так и случилось: сегодня я продолжаю преподавательскую деятельность в многопрофильном колледже UIB под её руководством.

Колледж всегда жил девизом «Политех — лучше всех!», который принадлежит уважаемому директору прошлых лет Серику Имансериковичу Нусупбекову. А я бы добавила: «Политех — кузница кадров». Ведь отсюда выходят лучшие специалисты и руководители колледжей, и это огромная гордость!

За 10 лет работы я всегда ощущала уважение и поддержку коллег, вместе мы радовались успехам кафедры и студентов. Сегодня, находясь уже в другой организации, я продолжаю следить за новостями родного колледжа и искренне радуюсь его достижениям.

В преддверии 85-летия ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE хочу пожелать дальнейшего процветания и высоких достижений! Пусть колледж всегда идёт в ногу со временем и остаётся символом качества, знаний и профессионализма!

**С уважением,
Кебекбаева Светлана Хамбабаевна**

От студентки до преподавателя: мой путь в Политехе



Я училась в Политехническом колледже в 1997–2000 гг. по специальности «Вычислительные комплексы, системы и сети» и получила квалификацию «Техник-электроник». С 2005 года работаю здесь преподавателем специальных дисциплин на отделении «Вычислительная техника и информационные сети».

Колледж стал для меня не просто местом учёбы и работы — это пространство, где формируются личности, рождаются идеи и закладываются профессиональные основы. Здесь я прошла путь от студентки до преподавателя, и каждый этап был наполнен смыслом и вдохновением.

Особую роль в моём становлении сыграли наставники — педагоги, щедро делившиеся знаниями и формировавшие моё профессиональное мировоззрение. Их пример стал для меня ориентиром в преподавании и отношении к студентам.

Сегодня я стремлюсь передавать не только знания, но и уважение к профессии, критическое мышление и готовность к вызовам современного мира. В своей работе уделяю внимание актуальности программ, внедрению современных подходов и практической направленности обучения.

Юбилей колледжа — это значимое событие, позволяющее осмыслить пройденный путь, отметить вклад тех, кто формировал его облик, и определить ориентиры на будущее. Это время для анализа достижений, переосмысления традиций и укрепления профессионального сообщества. История колледжа — это отражение стремления к качественному образованию, преданности делу и уважения к выбранной профессии.

**Сапагова Акмарал Толеубековна,
арнайы пәндер оқытушысы**

Әдістемелік ізденіс – колледж дамуының кепілі



ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – техникалық және кәсіптік білім беру саласында өзіндік орны бар, 85 жылдық тарихы бар оқу орны. Бұл мерейтой – тек уақыт өлшемі емес, мыңдаған түлектің тағдыры мен бірнеше ұрпақ ұстаздарының адал еңбегінің айғағы.

Колледж – еліміздің индустриялық дамуына үлес қосып келе жатқан білікті мамандарды даярлайтын беделді білім ордасы. Заманауи инфрақұрылым, еңбек нарығына бейімделген оқу бағдарламалары және кәсіби оқытушылар құрамы – оқу орнының басты артықшылықтары.

Мен, Рахметова Лязат Кемелбайқызы, 2007 жылдан бері осы ұжымда география және биология пәндерінің оқытушысы болып еңбек етіп келемін. 2023 жылдан бастап колледж әдіскері ретінде де қызмет атқарып, оқу процесінің сапасын арттыруға және жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсетуге өз үлесімді қосып жүрмін.

Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары – педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау, озық тәжірибені тарату және жаңартылған білім мазмұнын тиімді енгізу. Ашық сабақтар, шеберлік сағаттары, пән апталықтары мен семинарлар – осы бағыттағы басты құралдар.

Колледж оқытушылары ғылыми мақалалар жазып, авторлық оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеуде. Бұл – студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған маңызды қадам. Сонымен қатар, оқу орнымыз IT, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік сияқты заманауи бағыттарды дамытып, еңбек нарығына сұранысқа ие мамандарды даярлап келеді.

85 жылдық мерейтой аясында ғылыми-тәжірибелік конференциялар, түлектер форумы, мәдени және спорттық шаралар ұйымдастырылуда. Бұл – колледждің тарихи жолын ұлықтап, жаңа ұрпаққа

серпін беретін маңызды кезең.

85 жыл – бұл бай тарих, кәсіби сабақтастық және жарқын болашақ!

**Рахметова Лязат Кемелбайқызы,
география және биология пәндерінің
оқытушысы, әдіскер**

**Менің колледжім – менің
мақтанышым!**



Биыл ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жыл! Ұстаздық — жай ғана мамандық емес, жүрек қалауымен атқарылатын өмірлік миссия.

Менің осы қасиетті қара шаңырақтағы ұстаздық жолым 2007 жылы басталды. Содан бері колледж қабырғасында аянбай қызмет етіп, басты мақсатым — болашақ мамандарға сапалы білім берумен қатар, олардың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру болды. Осы жылдар ішінде талай мамандар тәрбиеленіп, ел дамуына үлес қосып жатыр.

Жетістіктерімнің қатарында республикалық және облыстық деңгейдегі байқауларда алған жүлделерім бар. Шәкірттерім де олимпиадалар мен сайыстарда жеңімпаз атанып, ұстаздық еңбегімнің жемісін көрсетті. Бірақ мен үшін ең үлкен марапат – шәкірттерімнің өмірде өз жолын тауып, жақсы азамат болып қалыптасуы.

Ұстаздың кәсіби жетістігі – оның үздіксіз дамуы мен әдістемелік шеберлігінде. Осы жылдар ішінде түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындар алып, кәсіби деңгейімді жетілдіріп келемін. Білімді үздіксіз арттыра отырып, заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруге ұмтылып, әр сабағымды мазмұнды әрі қызықты өткізуге тырысамын.

Қорытындылай келе, ұстаздық жол – менің өмірлік таңдаған мамандығым әрі мақтанышым. Әрбір шәкірттің жүрегіне жол табу – мен үшін ең үлкен жеңіс.

Өрлей бер, менің Политехім!

**Оразымбетова Айнур Сейденовна,
арнайы пәндер оқытушысы**

Ұстаздық жол – ұлы жол



Мен, Кожагулова Эльмира Абилмажиновна, 2008 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінде қоғамдық пәндер оқытушысы болып қызмет етіп келемін. Осы уақыт ішінде ұстаздық жолым – адал еңбек пен ізденістің, шәкіртке деген қамқорлық пен жауапкершіліктің көрінісіне айналды.

2023–2024 оқу жылында колледждің оқу-әдістемелік бірлестігінің әдіскері ретінде білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарға белсенді араластым. 2024–2025 оқу жылында «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар мен ақпараттық жүйелер» бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып, ұжымдық еңбектің ұйымдастырылуына өз үлесімді қостым.

2022 жылы «Педагогикалық идеялар панорама-сы» республикалық байқауының аймақтық кезеңінде «Жалпы білім беру пәндерінің оқытушылары» аталымы бойынша жүлделі III орын иеленіп, кәсіби шеберлігімді тағы бір мәрте дәлелдедім.

Сабақтарымда заманауи оқыту технологияларын тиімді қолданып, цифрлық құралдарды меңгеру арқылы студенттердің қызығушылығын арттыруға басымдық беремін. Интерактивті әдістер, жобалық жұмыстар, АКТ құралдарын қолдану – менің күнделікті тәжірибемнің бір бөлігіне айналды.

85 жылдық тарихы бар ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – талай буын маман тәрбиелеп, ел дамуына үлес қосқан қара шаңырақ. Бұл мерейлі мереке – біз үшін өткенге тағзым, бүгінгі жетістіктерге құрмет, болашаққа сенім.

Мен барша әріптестерімді, студенттер мен түлектерді колледжіміздің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Ұжымымыздың еңбегі әрдайым табысты болып, жаңа белестерге жете берейік.

**Кожагулова Эльмира Абилмажиновна,
жалпы білім беретін пәндері оқытушысы**

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE кітапханасы – білім мен руханият ордасы



ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE кітапханасы – студенттер мен оқытушылардың білімін толықтырып, рухани дамуына үлес қосатын маңызды орталық.

Қазіргі таңда кітапхана қоры 35 814-ден аса ғылыми, көркем әдебиеттерді, мамандықтарға арналған арнаулы оқулықтарды, электронды басылымдарды және 150-ге жуық мерзімді басылымдарды қамтиды. Оқырмандар саны 1500-ден асады, ал жыл сайын пайдаланушыларға берілетін кітап саны жүздеген басылымды құрайды.

Материалдық-техникалық база да заман талабына сай: моноблоктар, түрлі-түсті принтерлер, компьютерлер, ксерокс техникасы және интернет желісімен толық жабдықталған. Кітапхана жұмысын цифрландыру мақсатында «Библиотечное депо» және «Qazaq Muga» электронды базалары енгізілген. Қордағы 30 мыңға жуық басылым осы жүйеге тіркелген. «Qazaq Muga» базасы арқылы оқырмандар көркем әдебиеттерді QR-код арқылы телефоннан онлайн оқуға мүмкіндік алады.

Кітапхана тек білім орталығы ғана емес, студенттердің ұлттық сана-сезімі мен рухани тәрбиесін қалыптастыратын мәдени-рухани бірегей орта. «Оқуға құштар колледж» тұжырымдамасы мен «Адал азамат» бағдарламасы аясында оқу сауаттылығын арттыру бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Мерекелік және атаулы күндерге орай өткізілетін шаралар кітапхана инстаграм парақшасында жарияланып, оқырмандардың қызығушылығын арттырады.

Кітапхана әрқашан білімнің ордасы ретінде колледждің дамуымен бірге өркендеп, жастардың шығармашылығына, ізденісіне, табысына жол ашып келеді. Алдағы уақытта да оқу ордасының мәртебесі артып, кітапхана қоры молайып, оқырмандардың білімге деген ынтасы арта берсін!

Мерейтой құтты болсын, құрметті ұжым!

Мукалдиева Жанар Бокешовна,
кітапхана меңгерушісі

Білімнен бастау алған биік белестер



Құрметті әріптестер, ардагер ұстаздар мен студенттер! Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл оқу орны – менің білімге, мамандыққа деген алғашқы қадамым басталған қасиетті қара шаңырағым.

Мен 2015 жылы осы колледждің «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығын тәмамдап, өмірге жолдама алдым. Колледж қабырғасында алған білімім мен тәжірибем бүгінгі кәсіби жолымның берік іргетасы болды. Мұндағы ұстаздарымыз бізге тек мамандықты ғана емес, еңбексүйгіштік пен жауапкершілікті, алға мақсат қоюды үйретті.

Бүгінде өзім үшін зор мәртебе – туған оқу орнымда әдіскер болып еңбек етіп келемін. Студенттерге сапалы білім беру, әдістемелік қолдау көрсету, білім беру үдерісін дамыту жолында еңбек ету – мен үшін үлкен жауапкершілік әрі қуаныш.

Колледждің тарихы – тұтас ұрпақтың тағдыры. 85 жылда бұл білім ордасы мыңдаған түлекті тәрбиелеп, сан түрлі салаға мамандар даярлады. Осы білім ордасында маған жол көрсеткен, өмірлік бағыт берген ұстаздарым Бердибаева С.Д., Дюсембекова А.К., Шукирбекова С.Т., Рахметова Л.К. еңбектеріне айрықша ризашылығымды білдіремін. Бүгінде колледжіміздің қазіргі директоры Омарбеков М.А. басшылық етіп отырған ұжымның мүшесі болғаным – мен үшін үлкен мәртебе.

Құрметті ұстаздар! Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында біздер – түлектер, үлкен өмірге сенімді қадам жасап, маман иесі атандық. Сіздерге шексіз алғысымды білдіремін!

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – әрдайым білім мен ғылымның, шығармашылық пен ізденістің ордасы бола берсін!

Омарбекова Гүлдана Абдекейқызы,
колледж әдіскері

Оқу үдерісі: дәстүрден – цифрлық жаңғыруға



Оқу үдерісі әрқашан да ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE-тің басты даму векторы болып келеді. Бүгінде, 85 жылдық мерейтой қарсаңында, колледжде 1400 студент білім алуда. Оның ішінде 194-і – жұмысшы біліктіліктері бойынша, ал 1206-сы – орта буын мамандары ретінде даярланады. Колледж мынадай мамандықтар мен біліктіліктер бойынша білім береді:

1. «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» – «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы» (жұмысшы біліктілігі), «Желілік және жүйелік әкімшілендіру технигі»;

2. «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» – «Ақпараттық қауіпсіздік технигі»;

3. «Бағдарламалық қамтамасыз ету» – «Web-дизайнер» (жұмысшы біліктілігі), «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы», «Ақпараттық жүйелер технигі»;

4. «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» – «Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші» (жұмысшы біліктілігі), «Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі», «Мультимедиялық және сандық жүйелер технигі»;

5. «Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету» – «Техник-механик». Білім сапасын 96 педагог қамтамасыз етеді, олардың қатарында педагог-зерттеушілер, педагог-сарапшылар, педагог-модераторлар бар. Бұл – сапалы білім берудің негізгі кепілі.

Білім мазмұнын заманауи талаптарға сәйкестендіру – директор Медет Асетович Омарбековтің басты назарында. Ол технологиялардың күн санап дамып келе жатқанын ескере отырып, колледждің материалдық-техникалық базасын уақытылы жаңартуға айрықша көңіл бөледі. Бүгінде оқу үдерісі IT Hub Arena, Құзыреттілік орталығы, Fab-Lab, Festo мехатроника кабинеті, Cisco академиясы, 3D модельдеу, графикалық дизайн, web-әзірлеу зертханалары секілді орталықтарда жүзеге асады. Бұл – студенттердің еңбек нарығында сұранысқа ие заманауи дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

IT Hub Arena жұмыс берушілермен бірлескен жобалардың және оқыту бағдарламаларының алаңына айналды. Ал Құзыреттілік орталығында WorldSkills чемпионаттарына қатысушылар дайындалып, демонстрациялық емтихандарға сарапшы-

лар даярланады. Осылайша, колледж академиялық білімді еңбек нарығының нақты талаптарымен тиімді үйлестіріп отыр.

Қазіргі оқу жүйесі модульдік және кредиттік оқыту қағидаттарына сүйеніп, креативті ойлау мен soft skills дағдыларын дамытуға, білім сапасын басқарудың жүйелілігіне негізделген. Цифрлық құралдардың арқасында студенттердің үлгерімін, жеке білім траекторияларын қадағалау және теорияны практикамен кіріктіру бұрынғыдан да қолжетімді болды.

Цифрландыру дәуірінде қосымша дағдылардың маңызы зор. Колледжде микросертификация бағдарламалары мен цифрлық белгілер жүйесі енгізілген. Бұл жүйе студенттер мен оқытушылардың нақты дағдыларын заманауи цифрлық форматта растауға мүмкіндік береді.

Сапаны арттыруда цифрлық құралдар ерекше рөл атқарады. Төртінші жыл қатарынан Moodle электрондық платформасы қолданыста, ол аралық аттестацияны тиімді өткізіп, студенттердің білімін әділ бағалауға және олардың цифрлық ізін қалыптастыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, студенттер кәсіби дағдыларын WorldSkills стандарты бойынша демонстрациялық емтихандарда көрсетіп, өндірістік жағдайға жақын тәжірибеден өтеді. Ал бірқатар мамандықтарда сақталған дипломдық жобалар олардың ғылыми-зерттеу әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Колледж халықаралық деңгейде де белсенді дамып келеді. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары аясында соңғы жылдары студенттер мен оқытушылар Қытай, Түркия, Малайзия, Оңтүстік Корея және басқа елдерде тағылымдамадан өтті. Бұл тек кәсіби құзыреттілікті арттыруға ғана емес, халықаралық тәжірибені көруге, мәдениеттер тоғысын сезінуге мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, кәсіби бағдарға да баса назар аударылады. Мектеп оқушыларына арналған жазғы лагерьлер дәстүрге айналды. Онда балалар мамандықтармен танысып қана қоймай, алғашқы кәсіби дағдыларды меңгереді. Арнайы мастер-класстар мен тренингтер оқушылардың қызығушылығын арттырып, болашақ мамандығын саналы таңдауға жол ашады.

Колледждің басты байлығы – ұстаздар. Ахметова А., Дюсембекова А., Акимов М., Байбалақова Ж., Бердибаева С., Сапагова А., Сейтов Н., Сонурова М., Турсынбаева М., Шукирбекова С. сынды ардагер педагогтарымыз 20 жылдан астам уақыт бойы

студенттерге білім мен тәрбие беріп келеді. Олар кәсіби тәжірибесі мен педагогикалық шеберлігін жас мамандарға жеткізіп, білім сапасының артуына тікелей ықпал етуде. Ардагерлердің еңбегі – сапалы білім берудің берік іргетасы, ал олардың өмірлік ұстанымдары мен адалдығы жас мамандарға өнеге болып, кәсіби шыңдалуына жол ашады. Осылайша, ардагер ұстаздар ұрпақтар сабақтастығының алтын көпіріне айналып қана қоймай, колледждегі білім беру сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етіп отыр.

85 жылдық мерейтой аясында колледждің оқу үдерісі заман талабына сай жаңарып, жаңа биіктерге ұмтылуда. Бұл жетістіктер – бүкіл ұжымның ортақ еңбегінің нәтижесі. Алдағы уақытта да білім беру сапасын арттырып, цифрлық дәуірдің талаптарына толықтай жауап беретін кәсіби мамандарды даярлауда табыстар тілейміз.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары М.Мәлікова
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Косерова

Оқу-әдістемелік бірлестік: кәсіби білім сапасын жетілдірудегі маңызды бағыт

Қазіргі таңда Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде сапалы маман даярлау мәселесі – мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты. Бұл міндетті жүзеге асыруда оқу-әдістемелік бірлестіктердің (ОӘБ) орны айрықша.

ОӘБ – білім беру процесін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін, оқу бағдарламаларын әзірлеу мен сараптауды үйлестіретін кәсіби қауымдастықтың негізгі тетігі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 3 қазандағы №552 бұйрығымен «ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE» КМҚК «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бейіні бойынша «Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік» мәртебесін алды. Содан бері 15 жылдан астам уақыт бойы ОӘБ үлгілік оқу жоспарларын, білім беру бағдарламалары мен оқу құралдарын әзірлеу ісін жүйелі түрде атқарып келеді.

ОӘБ құрылымына төраға – М.Омарбеков, төраға орынбасары – Г.Орыншайхова, әдіскер – Г.Омарбекова және техник-бағдарламашы – Ж.Бақытбекова кіреді. Бірлестіктің басты мақсаты – білім беру процесінің сапасын арттыру, колледждердің қызметін үйлестіру және оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту.

ОӘБ құрамына бейін бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын колледждер енеді. Бүгінде 07140900 «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша 63 колледж, ал 06120100 «Есептеу



техникасы және ақпараттық желілер» мамандығы бойынша 97 колледж даярлық жүргізуде. Жалпы алғанда, ОӘБ базасында 160 колледж бар.

Бірлестік аясында:

мемлекеттік саясатқа сәйкес әдістемелік ұсынымдар әзірленеді;

үлгілік оқу жоспарлары мен оқу-әдістемелік құжаттар дайындалып, сараптамадан өтеді;

оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтар жасалып, рецензияланады;

ОӘБ үшін тест тапсырмалары құрастырылып, сарапталады;

озық педагогикалық тәжірибелер жинақталып, таратылып отырады.

Сонымен қатар, ОӘБ құрамында «Talar» КеАҚ орталығының штаттан тыс тренерлері жұмыс істейді. Олар арнайы курстарды жүргізіп, оқытушылардың біліктілігін арттыруға үлес қосады.

Алдағы жылдары оқу-әдістемелік бірлестік:

цифрлық білім беру ресурстарын дамытуға;

қашықтықтан оқытуға бейімделген оқу бағдарламаларын жетілдіруге;

жасанды интеллект пен заманауи IT-технологияларды оқу процесіне енгізуге;

халықаралық тәжірибені зерделей отырып кәсіби сертификаттау жүйесін кеңейтуге басымдық бермек.

Бұл бастамалар еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыруға, халықаралық стандарттарға сай құзыретті мамандар даярлауға жол ашады.

85 жылдық мерейтой – Almaty Polytechnic College ұжымының ынтымақ пен қажырлы еңбегінің жемісі. Бұл мерейлі күн колледждің оқу-әдістемелік бірлестігіне де жаңа серпін беріп, білім сапасын арттырудағы жетістіктерді еселей түссін!

Директордың ОӘБ жөніндегі орынбасары
Орыншайхова Ғалия Асхатовна

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – 85 жылдық тарихы мен жаңа белестері

2025 жылы еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше орны бар, мыңдаған түлекті кәсіби жолға жетелеп, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосып келе жатқан ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өтуде. Бұл мерейтой – оқу орнының тарихын ғана емес, оның жаңа даму кезеңіне сенімді қадам жасауының да айғағы.

Оқу-әдістемелік бөлімнің үйлестіруімен колледжде жүйелі түрде мынадай жұмыстар атқарылып келеді:

білім беру мазмұны үнемі жетілдіріліп келеді;
жаңа форматтағы оқу жоспарлары енгізіліп отыр;

цифрлық білім беру ресурстары қарқынды дамып келеді;

заманауи педагогикалық әдістер тұрақты түрде қолданылып жүр.

Колледж педагогтарының кәсіби біліктілігін арттыруға ерекше назар аударылады. Халықаралық тағылымдамалар мен біліктілікті арттыру курстары оқытушыларға заманауи әдістемелерді меңгеруге, цифрлық технологияларды игеруге мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда педагогтердің 89%-ы біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Бұл – ұжымның кәсіби дамуға, инновацияны қабылдауға жоғары деңгейде дайын екендігінің нақты дәлелі.

Колледждің оқу-әдістемелік кабинеті әдістемелік, ғылыми және инновациялық бастамаларды үйлестіретін негізгі орталық болып табылады. Соңғы жылдары:

заманауи оқу-әдістемелік кешендер дайындалды;

электронды оқулықтар, бейнесабақтар мен интерактивті тапсырмалар жасалды;

Moodle қашықтан оқыту платформасы тиімді қолданылуда.

Сонымен қатар инженерлік-педагогикалық сапалы құрамы жалпы педагогтердің 39%-ын құрайды. Бұл ұжымның кәсіби дамуға деген тұрақты ұмтылысын көрсетеді.

Колледж оқытушылары республикалық және халықаралық деңгейдегі кәсіби байқаулар мен конкурстарға қатысып, өздерінің біліктілігі мен шеберлігін дәлелдеп келеді. «Үздік педагог» республикалық конкурсының жеңімпаздары, «Халық алғысы» медалін иеленген ұстаздар, қалалық және республикалық деңгейдегі түрлі марапаттар – осының айғағы. Мұндай табыстар оқу орнының педагогикалық дәстүрлерінің беріктігін, білім сапасына деген жоғары талаптарды және бәсекеге қабілеттілігін дәлелдейді.

«Сапалы білім – Білімді ұлт» ұлттық жобасы аясында 30-ға жуық оқытушы Қытай, Малайзия, АҚШ, Оңтүстік Корея елдерінде тағылымдамадан өтті. Бұл тәжірибе педагогтарға заманауи оқыту технологияларын игеруге, жаңа әдістемелерді



енгізуге үлкен мүмкіндік берді.

85 жылдық тарих – колледждің қалыптасу жолындағы қажырлы еңбегі мен жетістіктерінің айнасы. Бүгінде ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре отырып, сапалы маман даярлаудың алдыңғы қатарлы оқу орны.

Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Абылханова Назым Жумахановна

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – білім мен тәрбиенің тоғысқан ордасы

Еліміздің білім беру кеңістігінде өзіндік орны бар оқу орындарының бірі – ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE. Биыл колледждің іргетасы қаланғанына 85 жыл толып отыр. Бұл – тек бір оқу орнының ғана емес, тұтас білім беру жүйесінің, мыңдаған түлектің тағдырын тоғыстырған ерекше белес. Тарихы тереңнен бастау алатын колледж бүгінгі күнге дейін техникалық және кәсіптік білім берудің алдыңғы қатарында келеді.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – студенттерге сапалы білім берумен қатар, олардың бойына адамгершілік құндылықтарды, жауапкершілік пен отансүйгіштікті дарыту. Осы бағытта колледжде «АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасы табысты жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама аясында түрлі жобалар мен іс-шаралар ұйымдастырылып, студенттердің жан-жақты дамуына мүмкіндік жасалуда.

Жастардың бастамаларын қолдау мақсатында «Polytech Jastary» жастар ісі жөніндегі комитеті жұмыс істейді. Бұл комитет студенттердің көшбасшылық қабілетін ашып, өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыруға ықпал етуде.

Ізгілікті істердің алдыңғы қатарында «POLYTECH ERIKTILERI» еріктілер клубы тұр. Олар әлеуметтік жобалар мен қайырымдылық акцияларына белсене



қатысып, республикалық «Менің бауырым» жобасы аясында тұрақты еңбек етіп келеді. Жас еріктілердің еңбегі лайықты бағаланып, арнайы марапаттарға ие болды.

Тілдік мәдениетті дамыту мақсатында «Тілдер әлемі» клубы жұмыс істейді. Оның арқасында студенттер ағылшын және түрік тілдерін меңгеріп, Түркияның Стамбул қаласында өткен 10 күндік жазғы лагерьге қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Жаңашылдық пен техникалық шығармашылықтың орталығы – «KIROSHI» робототехника зертханасы. Мұнда студенттер заманауи технологияларды меңгеріп, халықаралық жарыстарда жүлделі орындарға ие болып жүр.

Сонымен қатар спорт үйірмелері, «POLYTECH ZIATKERLERI» интеллектуалды пікірсайыс клубы, «Жас қыран» әскери-патриоттық клубы, «Sapaly ugraq», «Қыз елдің көркі» клубтары және IT бағытына арналған үйірмелер студенттердің жан-жақты дамуына ықпал етуде.

Студенттердің шығармашылық әлеуетін шыңдауға бағытталған тың бастама – «POLYTECH студиясы». Бұл жоба аясында танымал тұлғалармен (әншілер, актерлер, жазушылар, кәсіпкерлер, қоғам қайраткерлері) кездесулер ұйымдастырылып, жастардың ой-өрісі кеңейтілуде.

Аталған ұйымдар мен клубтар студенттердің қабілеттерін дамытып, қоғамдық белсенділігін арттыруға жол ашуда. Соңғы бес жылда колледж студенттері түрлі іс-шаралар мен конкурстарда табысты өнер көрсетіп, қалалық деңгейде – 118, республикалық деңгейде – 67, халықаралық деңгейде – 8 жүлделі орынға ие болды.

Мерейлі мерейтой қарсаңында колледж ұжымы мен студенттері жаңа белестерді бағындыруға, тың жетістіктерге қол жеткізуге және ел дамуына аянбай қызмет етуге дайын.

Polytech – жасампаздықтың жарқын үлгісі, ілім мен ізгіліктің алтын ұясы, жаңашылдық пен табыстың сенімді нышаны!

85 жылдық тарих – бұл өткеннің жетістігі ғана емес, болашаққа бастайтын берік бағдар. Бүгінде Almaty Polytechnic College – сапалы білім мен саналы тәрбие беретін, бәсекеге қабілетті мамандар даярлап, еліміздің дамуына үлес қосып отырған бірегей оқу орны.

Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Абдраймова Асыл Әділмұратқызы

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE: Цифровая трансформация и специалисты будущего

В эпоху Четвёртой промышленной революции, когда цифровые технологии меняют рынок труда, ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE (APC) стал одним из лидеров цифровой трансформации в системе ТипО Казахстана. Колледж не только внедряет новые инструменты обучения, но и выстраивает целостную цифровую экосистему, готовя специалистов будущего.

В APC внедрена современная образовательная платформа Moodle с интеграцией SEB для безопасного тестирования. Студенты используют смешанное обучение, совмещающее офлайн и онлайн-форматы, а преподаватели разрабатывают цифровые ресурсы: 3D-модели, VR-туры, интерактивные тренажёры. Демонстрационные экзамены в системе CIS позволяют работодателям напрямую оценивать практические навыки студентов.

Колледж активно развивает симуляторы, виртуальные лаборатории, FabLab и коворкинг-зоны. Здесь студенты реализуют собственные проекты, осваивают робототехнику, автоматизацию и IT-направления. Все достижения фиксируются в цифровом портфолио, которое становится важным инструментом трудоустройства.

APC перешёл от «бумажного» к «цифровому» документообороту и внедрил big data для управленческих решений.

Материально-техническая база колледжа отвечает современным требованиям:

свыше 500 компьютеров;

30 интерактивных панелей;

более 200 видеокамер, обеспечивающих полную безопасность;



система Face ID для контроля доступа и учёта посещаемости.

Два гигабитных интернет-канала и более 80 Wi-Fi точек обеспечивают бесперебойное цифровое покрытие кампуса.

APC сотрудничает с H3C, Ruijie, NLSKazakhstan, Казактелеком, Google Workspace, Apple Academy, AsranTelecom, разрабатывая программы в сферах кибербезопасности, IoT, big data и smart manufacturing.

Колледж продолжает укреплять цифровую инфраструктуру, развивать квалификацию преподавателей и обеспечивать высокий уровень кибербезопасности. Стратегическая цель APC — стать настоящим цифровым хабом подготовки специалистов для экономики будущего.

В год своего 85-летия ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE подтверждает статус флагмана технического и профессионального образования. Колледж уверенно сочетает богатые традиции и цифровые инновации, открывая новые горизонты для студентов и педагогов.

Поздравляем коллектив, ветеранов и студентов колледжа с этим знаменательным юбилеем! Пусть каждое новое поколение выпускников вносит вклад в развитие страны, а сам колледж остаётся символом качества, прогресса и устойчивого движения вперёд!

**Заместитель директора
по информационным технологиям
Проскурин Александр Олегович**

Колледждің өндіріспен ұштасқан білім бағыты



2025 жыл — біздің колледж үшін ерекше және мәнді кезең. Жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияланған мемлекет басшысының Жарлығымен, біз кәсіби-техникалық білімнің мәртебесін көтеруге атсалысудамыз. Ал дәл осы тарихи сәтте ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық мерейтойын тойлауда. Осы біте қайнасып жатқан екеуінің тепе-тең байланысы — бізге үлкен жауапкершілік пен ынта береді.

Біздің колледждің оқу-өндірістік жұмысы — білім мен өндірісті ұштастыратын жүйе. Қазіргі таңда 1400 студент білім алууда, олардың 467-сі дуалды оқыту жүйесі бойынша. Білікті жұмысшы мамандар даярлау шеңберінде 254 студент оқуда. Бұл бағыттағы жұмыстарды нығайту мақсатында біз 229 меморандумға, дуалды оқыту бойынша 98 келісімшартқа қол қойдық. Сонымен қатар жұмыс берушінің тапсырысы бойынша 95 студент білім алууда.

Халықаралық ынтымақтастық — біздің арқа сүйер бағыт. Біз Чунцин көлік университетімен, Мәскеу политехникалық колледжімен, Пекин политехникалық колледжімен, «Лаборатория Касперского» АҚ, NEW H3C Technologies Co LTD, Италиядағы Volta университетімен тығыз байланыстамыз. Бұл байланыстар студенттер мен оқытушыларға шетелдік стандарттармен жұмыс істеуге, тәжірибе алмасуға, ғылыми жобаларға қатысуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, колледждің әлеуметтік серіктестік желісі кең: телекоммуникациядан бастап өндірісті жабдықтауға дейінгі көптеген ұйымдармен әріптестік орнатылды — АҚ «LogyCom», «LinkMaster Kazakhstan» ЖШС, «R-STYLE.KZ» ЖШС, «АЛСИ Активтерді Басқару» ЖШС, «Qit Enterprise» ЖШС, «FD-SERVICE.KZ» ЖШС, «IT DASS Solutions» ЖШС, «2day academy» ЖШС, «Ғылыми Ақпараттандыру Орталығы» ЖШС, «Byte Machine» ЖШС, «LEDA SERVICE» ЖШС, «Advertising pro» ЖШС, «IT Supply» ЖШС, «Qazaq инвестиция компаниясы» ЖШС, АҚ «Jusan Garant», «Халықаралық Робототехника Ака-

демиясы» ЖШС, «Prime Source» ЖШС, «CONTI-NEW CORPORATION» ЖШС, «Support Systems» ЖШС, «Техника және технологияларды дамыту орталығы» ЖШС, «cloud24.kz» ЖШС, «DIP KZ» ЖШС, «BAN Consulting» ЖШС, ОФ «I Teach Me» орталығы, АҚ «БанкФридом Финанс Қазақстан», «Best Profi» ЖШС, «Ақылды дүкен» ЖШС, «Smart Robot» ЖШС, «Келесі Инновация» ЖШС, «Arena s» ЖШС, «IDC» ЖШС, АҚ «Еуразиялық Азық-түлік Корпорациясы», АҚ «Алматин ауыр машина жасау зауыты», «Sinooil» ЖШС, «Ақсу Нан зауыты» ЖШС, «БЕНТ компаниясы» ЖШС, «Белкомит» ЖШС, «Алматин желдеткіш зауыты» ЖШС, «HyundaiAuto Almaty» ЖШС, «Алматин «ЭЛЕКТРОЩИТ» зауыты» ЖШС, «ARES GROUP» ЖШС, АҚ «АлмаТел Қазақстан», «KazNetCom» ЖШС, АҚ «Қазақтелеком», АФ АҚ «Қазпочта» «Алматин пошта бөлімшесі», «Alta Telecom» ЖШС, «Prime Telecom» ЖШС, «Aspan Телеком» ЖШС, «Алком-СВ» ЖШС, «Rtel Group» ЖШС, «Qazaq инвестиция компаниясы» ЖШС, «DRONE KZ» ЖШС, «IT Supply» ЖШС, «Royal IT» ЖШС.және басқа кәсіпорындар.

Дуалды оқыту — біздің ең маңызды тәжірибеміз. Біз оқыту мерзімін 40 % теорияға, 60 % практикалық тәжірибеге бөліп, оқушыларды өндірістік орындарда дайындау жүйесін енгіздік. Жұмысқа орналастыру көрсеткіштері оны растайды қазіргі таңда 83% түлек өз мамандығына сай жұмысқа орналасқан.

Мансапты дамыту орталығы студенттер мен түлектерге жұмысқа орналастыру, жұмыс берушілермен ынтымақтастық, курстық және дипломдық жобаларға қатыстыру, мемлекеттік органдармен байланыс орнату міндеттерін атқарады.

Алдағы уақытта біз материалдық-техникалық базаны жаңғыртуды, оқу бағдарламаларын жаңарту мен халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді, оқытушылар мен студенттердің кәсіби дамуын одан әрі жалғастыруды көздейміз. Біз — білім мен өндірісті біріктірген, серпінді дамуды таңдаған ұжымбыз. Сіздердің еңбектеріңіз — колледждің негізі, сіздердің талпыныстарыңыз — оның болашағына бастар жол.

Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Қабылбек

Болашаққа салынған ізгі жол



85 жылдық тарихын атап отырған ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – тек білім ордасы ғана емес, ұрпақтың арманын қанаттандырып, ғылым мен өнерге жол ашқан шамшырақ. Бұл мерейлі белес – өткенге тағзым, бүгінге мақтаныш, болашаққа сенім.

Осы үлкен тарихтың бір бөлігі – «Радиотехника, электроника, телекоммуникация және бағдарламалық қамтамасыз ету» бөлімі. Бұл бөлімнің тамыры еліміздің байланыс және ақпараттық технология саласының өркендеуімен астасып жатыр. Бүгінде ол тек радиотехникамен шектелмей, телекоммуникация, мультимедия және цифрлық технологиялар бағытында да сұранысқа ие мамандарды даярлауда. Уақыт өзгерген сайын жаңа талаптар туындап, техника дамыған сайын жаңа міндеттер жүктелді. Сол өзгерістердің барлығына икемделіп, жаңашыл бағыттарды енгізе білген бұл бөлім – колледждің нағыз тірегі.

Бүгінде мұнда 14 оқытушы мен 180 студент білім алуда. Оның ішінде 1 педагог-зерттеуші, 2 жоғары санатты, 4 модератор бар. Ұстаздар тек дәріс беріп қана қоймайды – олар жас ұрпақтың бойына парасат пен ізгілікті дарытып, кәсіби жолын айқындап, қоғамға қажет тұлға қалыптастыруға ықпал етуде.

Бұл бөлім ұстаздарының еңбегі – марапаттар мен жеңістер арқылы дәлелденген шынайы биік. «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауында әр жылдары:

- Оразымбетова А.С. – 1 орын (2022 ж.),
- Нурекенова И.А. – 2 орын (2022 ж.),
- Кожаягулова Э.А. – 3 орын (2022 ж.),

Байбалакова Ж.Д. – 1 орын (аймақтық кезең, 2024 ж.), республикалық кезеңде – 3 орын.

Сонымен қатар:

«Profi-білім: құзыреттілік, шығармашылық және жетістік» кәсіби құзыреттер байқауы – 2 орын (2025 ж.),

Қалалық «Педагог шебер» бағдарламасы аясындағы «Ақылды сабақ – білім сапасын көтеру» жобасы – 1 орын (2025 ж.),

«Жаңартылған энергетика: жаңа мүмкіндіктер мен талаптар» ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясындағы «Жұмысшы мамандықтарының жаңа дәуірі» секциясы – 3 орын (2025 ж.),

Қалалық педагогикалық оқу – 2 орын (2024 ж.).

Бұл жетістіктер ұстаздардың ізденісі мен кәсібилігінің айқын көрінісі.

Студенттердің жетістігі де колледждің абыройын асқақтатып келеді. Олар республикалық және халықаралық деңгейдегі спорттық сайыстарда, зияткерлік олимпиадаларда, инновациялық жобалар мен ІТ-конкурстарда жүлделі орындарға ие болып жүр. Әр жеңіс – Polytech ұжымының еңбегін айғақтайтын жаңа бір жұлдыз, колледж атына қосылған зор мақтаныш.

Жыл сайын түлектер еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болып, телекоммуникация, ақпараттық технология, мультимедия және цифрлық жүйелер саласында табысты еңбек етуде. Бүгінде олар еліміздің жетекші мекемелері мен телеарналарында табысты қызмет атқаруда. Атап айтқанда: Киностудия «Қазақфильм», «Казмедиа орталығы», Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, «Хабар», «Алматы», «Астана», «Еуразия», КТК, «Жетісу» телеарналарда.

Бұл кең ауқымды еңбек өрісі – колледж түлектерінің кәсіби дайындығының жоғары деңгейін дәлелдейді. Олар тек техникалық мамандық иелері ғана емес, еліміздің мәдениеті мен ақпараттық кеңістігін дамытушылар қатарында.

Бөлімнің басты артықшылығы – жетекші компаниялармен орнатылған серіктестік. АО «Қазахте-

леком», ТОО «ЛинкМастер», ТОО «Aspan Telecom», ТОО «Prime Telecom», ТОО «KazNetCom», ТОО «NLS Kazakhstan» сынды алдыңғы қатарлы ұйымдармен бірлескен жұмыс жолға қойылған. Бұл серіктестік білім сапасын бағалауға, мамандарды даярлауға арналған бірлескен іс-шараларды өткізуге және студенттерге кәсіби тәжірибеден өтуге кең мүмкіндік береді.

Колледж тарихындағы ерекше мақтаныштың бірі – Акимовтар әулеті. Бұл отбасы бірнеше буын бойы телевизия саласында еңбек етіп, отандық телеөнердің дамуына үлес қосып келеді.

Акимов Мурат Мағазұлы алғашқы болып Алматы кинотехникумын тәмамдап, осы жолға түскен. Кейін оның бауырлары мен ұрпақтары да сол ізбен жүрді. Бүгінде әулеттің өкілдері еліміздің жетекші телеарналарында жауапты қызмет атқаруда:

Акимов Шакер Мағазұлы – Жылжымалы телевизиялық студия кешенінің ауысым бастығы;

Акимов Шыңғыс Болатұлы – Цифрлы телевидение техникаларының техникалық директоры;

Акимов Олжас Болатұлы – жетекші видеоинженер;

Мағазов Елжас Мұратұлы – «Қазақстан» телеарнасының инженері.

85 жылдық мерейтой – ұстаздарымыздың қажырлы еңбегінің, шәкірттеріміздің білімге деген құштарлығының нәтижесі. Бүгінде «Радиотехника, электроника, телекоммуникация және бағдарламалық қамтамасыз ету» бөлімі колледждің мақтанышы әрі болашаққа жол салар шамшырағы болып қала бермек.

Нурекенова Индира Ақылбековна «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар мен Бағдарламалық қамтамасыз ету» бөлімінің меңгерушісі

Ақпараттық жүйелер бөлімі – жаңа технологиялар мекені

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі. 85 жылдық тарихында колледж мыңдаған білікті маман даярлап, Қазақстанның экономикасы мен ғылымының дамуына зор үлес қосты. Сол салалардың ішінде Ақпараттық жүйелер бөлімі – колледждің заманауи келбетін айқындайтын маңызды бағыттардың бірі.

Бұл бөлім студенттерге тек білім беріп қана қоймай, оларды жаңа технологиялармен таныстырып, цифрлық дәуірдің талаптарына сай кәсіби маман болып қалыптасуына жағдай жасайды. «Бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы», «Ақпараттық жүйелер технигі» біліктілігі бойынша білім алып жатқан студенттер Microsoft, Oracle, Cisco секілді әлемдік компаниялардың бағдарламаларын





оқу процесіне енгізу, виртуалды зертханаларда тәжірибе жинақтау, заманауи операциялық жүйелерді меңгеру – студенттерді шыңдаудың күнделікті тәжірибесіне айналған.

Бүгінде бөлімде 174 студент білім алуда. Олар 7 топқа бөлінген, соның ішінде 4 топ қазақ тілінде, 3 топ орыс тілінде оқиды. Білім беруді тәжірибелі 11 оқытушы жүргізіп, әр студенттің кәсіби қалыпта-суына бағытталған жұмыс атқаруда.

Жыл сайын бөлім студенттері халықаралық тәжірибеге жол ашуда. Мәселен, 2024–2025 оқу жылында бес студент – Мунарбаев Ахат, Ержанұлы Мұрат, Сейлхан Айпара, Алферова Анна, Кенесарин Рамазан – Қытайда бір айлық курстан өтіп, халықаралық сертификаттарға ие болды. Бұл олардың кәсіби деңгейін арттырып қана қоймай, әлемдік ІТ-трендтерді тікелей игеруіне мүмкіндік берді.

Бөлімнің ұстаздары да биік жетістіктерімен мақтан тұтады. Арнайы пәндер оқытушысы Косерова Нагашкул Макеновна – «Инклюзивтік білім берудің үздік педагогы» республикалық байқауының жеңімпазы, министрлік пен қала әкімдігінің бірнеше марапатына ие болған, халықаралық тағылымдамалардан өткен тәжірибелі маман. Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Абылханова Назым Жумахановна ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларға арналған әдістемелік нұсқаулықтың авторы атанса, Бердибаева Салиха Диновна WorldSkills чемпионатында эксперт-компатриот, кейін бас сарапшы дәрежесіне дейін көтерілді.

Студенттердің ғылыми жобалары да назардан тыс қалған жоқ. «Болашақ формуласы» қалалық байқауында Умирзаков Алтынбек пен Назарғали Гүлназ III орын иеленіп, бөлімнің ғылыми әлеуетін тағы бір мәрте дәлелдеді.

85 жылдық мерейтой қарсаңында біз Ақпарат-



тық жүйелер бөлімінің жетістіктерін айрықша атап өтеміз. Ақпараттық жүйелер бөлімі – бұл тек білім ғана емес, инновация мен мүмкіндіктің тоғысқан ордасы. Ол Polytech дәстүрін жалғастыра отырып, Қазақстанның цифрлық болашағына жол ашатын мамандарды даярлап келеді.

Джаманкузова Мөлдір Бекежанқызы, «Ақпараттық жүйелер» бөлімінің меңгерушісі

Жұмысшы мамандық – ел дамуының негізі

2025 жыл елімізде Жұмысшы мамандықтар жылы болып жарияланып, еңбек адамының мәртебесін көтеруге, техникалық-кәсіптік білім берудің маңызын арттыруға тың серпін берді. Осы орайда «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» жұмысшы біліктілік бөлімі еңбек нарығына қажет білікті мамандар даярлауда зор үлес қосып келеді.

Бөлімнің басты мақсаты – өндіріс талаптарына сай, кәсіби шебер, бәсекеге қабілетті жұмысшы мамандарды даярлау. Қазіргі таңда бөлімде «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы, «Web-дизайнер» біліктілігі, «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандығы, «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы» біліктілігі және «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы, «Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші» біліктілігі бойынша студенттер білім алуда. Заманауи құралдармен жабдықталған шеберханалар мен тәжірибелік сабақтар болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға үлкен мүмкіндік беруде.

Бөлімнің тағы бір жетістігі – жұмыс берушілермен орнаған тығыз байланыс. Бүгінде 229-дан астам кәсіпорынмен меморандумға қол қойылып, дуалды оқыту жүйесі бойынша 194 студент нақты өндірістік ортада тәжірибеден өтуде. Бұл – жас мамандарды еңбекке бейімдеудің тиімді жолы.



лық-кәсіптік білім беруге жаңа серпін беруде. Ал біздің бөлім үшін бұл – үлкен мүмкіндік әрі зор жауапкершілік. Өйткені қазіргі заманның шынайы батыры – білімді, еңбекқор әрі өз ісінің шебері!

Polytech-тің 85 жылдық мерейтойы – білім мен еңбектің жемісті жолын айқындайтын ерекше белес. Колледж алдағы уақытта да ел дамуына еңбекқор, кәсіби білікті мамандарды тәрбиелейтін алтын ұя болып қала бермек.

Ілиясқызы Эльмира, «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» жұмысшы біліктілік бөлімінің меңгерушісі

Образованная молодежь — главный ресурс развития государства

Бөлімнің инженер-педагогтары мен өндірістік оқыту шеберлері – өз ісінің майталмандары. Олар студенттерге сапалы білім берумен қатар, еңбекке деген сүйіспеншілікті, жауапкершілік пен тәртіпті дарытады. Жоғары кәсіби деңгейге ие оқытушылар шәкірттердің сыни ойлауын, шығармашылығын және өмірлік дағдыларын дамытып, олардың кәсіби әлеуетін шыңдауда.

Осы еңбектің нәтижесін халықаралық деңгейдегі беделді сайыстар дәлелдейді. Бөлім студенттері Байжұма Ырыскелді мен Сабыркан Олжас WorldSkills чемпионатының жеңімпаздары атанса, Дүйсенбек Тұрар спорттың жаңа бағыты – муай-тайдан халықаралық деңгейде жүлделі орынға ие болды. Бұл – тек бөлімнің емес, тұтас колледждің абыройын асқақтатқан жеңістер.

Жұмысшы мамандықтар жылы – еңбек адамының беделін көтеріп қана қоймай, техника-



В своём последнем Послании народу Казахстана Президент Касым-Жомарт Токаев подчеркнул ключевую роль образования как основы будущего страны. «Нам необходимо подходить ко всем реформам взвешенно и вдумчиво, уделяя особое внимание их качественной реализации», — отметил Глава государства.

В год, когда ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE отмечает своё 85-летие, эти слова звучат особенно актуально. На протяжении восьми с половиной десятилетий колледж выполняет свою миссию — готовить специалистов, обладающих знаниями, инициативой, ответственностью и готовых отвечать на вызовы современности. Сотни преподавателей и сотрудников ежедневно трудятся над тем, чтобы воспитать профессионалов нового времени, формируя у студентов не только навыки, но и ценности, патриотизм и веру в собственные силы.



Отделение «Программное обеспечение и мехатроника» является одним из центров подготовки специалистов, совмещающих современные знания и практические умения, востребованные в условиях цифровой трансформации страны. Преподаватели отделения вдохновляют студентов на поиск новых решений, развитие критического мышления и творческого подхода. Каждый педагог своим трудом вносит вклад в воспитание поколения, которое завтра станет архитектором технологического и интеллектуального будущего Казахстана.

Особая роль принадлежит преподавателям языковых дисциплин. Под руководством Дюсембековой А.К. студенты неоднократно становились победителями городских конкурсов: завоевали I место в конкурсе «Кітап – білім бұлағы», проявили высокий уровень знаний в олимпиаде «Қазақтың мақтанышы – Сәкен, Ілияс, Бейімбет!», а студент Русланулы Куаныш занял III место. Её воспитанники принимали участие в значимых олимпиадах и конкурсах, а сама она выступала членом жюри областного конкурса «Абай оқулары». Студенты Ахметовой А.А. также достигли значительных успехов: команда «Политех жастары» завоевала Гран-при в интеллектуальной игре «Ой-көкпар», посвящённой роману С. Мұратбекова «Жабайы алма», заняла II место в брейн-ринге «Ахмет бізбен бірге!», а команда «Жаңа ғасыр» стала победителем конкурса по произведению М. Ауэзова «Қилы заман». Кроме того, они неоднократно становились победителями городского конкурса «Жылдың үздік оқырманы». Важный вклад вносят и другие преподаватели — Нәсіл С., Малаева Г.А., Сонурова М.М., Шукирбекова С.Т., которые помогают студентам раскрыть богатство казахского и русского слов, формируют грамотность, культуру речи и интерес к литературе.

Наряду с языковыми дисциплинами, преподаватели специальных предметов Кайркулова З.Т. и Нурбосын А.А. помогают студентам овладеть современными профессиональными компетенциями, без которых невозможно стать специалистом в области IT и мехатроники.

Все эти успехи студентов на конкурсах, олимпиадах и творческих проектах — результат ежедневного труда всего педагогического коллектива. Именно благодаря этому колледж на протяжении 85 лет остаётся надёжной опорой в подготовке образован-

ной и целеустремлённой молодёжи, которая является главным ресурсом развития государства.

Поздравляем коллектив, ветеранов и студентов ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE с 85-летним юбилеем! Пусть каждое новое поколение выпускников продолжает традиции успеха, а сам колледж остаётся символом качества, прогресса и преданности своей великой миссии — готовить специалистов будущего для развития Казахстана.

Баситова Назгүл Ярмахаметқызы, заведующий отделением «Программное обеспечение и мехатроника»

Дәстүр мен жаңашылдық тоғысқан орта – IT мамандар ордасы

ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – еліміздің білім беру жүйесінде өзіндік орны бар, 85 жылдық тарихы бар оқу орны. Бүгінде колледждің «Бағдарламалық қамтамасыз ету және ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» бөлімі IT саласының бәсекеге қабілетті мамандарын даярлауда ерекше үлес қосып келеді.

Бөлімде 18 арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері еңбек етеді. Олар студенттерге тек теориялық білім беріп қана қоймай, практикалық машықтарын жетілдіруге бағытталған заманауи әдістемелерді қолдануда. Қазіргі таңда «Бағдарламалық қамтамасыз ету» және «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандықтары бойынша 241 студент білім алуда. Бұл – жас ұрпақтың IT саласындағы болашағын қалыптастыруға үлкен мүмкіндік.

Оқыту үдерісі заманауи талаптарға сай ұйымдастырылған. Студенттер бағдарламалау тілдері, деректер қоры, веб және мобильді қосымшаларды әзірлеу, желілік технологиялар, графикалық дизайн және ақпараттық қауіпсіздік бағыттарында білім алып, стартап жобаларға қатысады. 2023–2025 жылдары бөлім оқытушылары Қытай, Малайзия, АҚШ және Кореяда тағылымдамадан өтіп, халықаралық тәжірибені меңгерді. Бұл сапарлар білім беру сапасын арттырып қана қоймай, колледждің халықаралық байланыстарын да кеңейтті.

2024 жылы Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен IT Hub Arena құзырет орталығы ашылып, студенттердің инновациялық жобалары көпшілікке таныстырылды. Олардың қатарында өндірістік тәжірибені бақылау платформасы, SmartFit AI мобильді қосымшасы, инклюзивті білім беру бағдарламалары, жедел әрекет ету және жатақханаға өтініш беру жүйелері бар. Бұл жобалар қоғам үшін өзекті мәселелерді шешуге бағытталған бастамалар ретінде жоғары бағаланды.

Студенттердің жетістіктері – бөлімнің басты мақтанышы. Соңғы бес жылда олар халықаралық, республи-





калық және қалалық деңгейдегі WorldSkills чемпионаттарында үздік нәтижелерге қол жеткізді. Ресей, Франция, Қытай және АҚШ-та өткен байқауларға қатысып, жүлделі орындар мен сертификаттарға ие болды. 2025 жылы өткен WorldSkills Almaty қалалық чемпионатында студенттер ІІ құзыреттілік бойынша І орын алып, колледж абыройын асқақтатты.

Әрбір студенттік жеңістің артында оқытушылардың тынымсыз еңбегі тұр. Орыншайхова Галина Асхатқызы «Үздік педагог» атағын иеленсе, өндірістік оқыту шебері Алиев Кемаль республикалық және халықаралық деңгейде үздік тәлімгер ретінде танылып, робототехника саласындағы «Best Mentor Award» жүлдесін алды. Оның жетекшілігімен әзірленген мұхиттарды тазалауға арналған робот АҚШ-тағы халықаралық байқауда үздік ондыққа енді. Сондай-ақ, Құмарбек Айдана, Еркінбек Батыр, Ауезхан Бағлан, Ержан Дәурен және Келіс Айбол сынды жас мамандар кәсіби шеберлік конкурстарында жүлделі орындарға ие болып, бөлімнің беделін арттыруда.

85 жылдық тарихында ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан мыңдаған түлекті тәрбиелеп шығарды. Бүгінде осы дәстүрді жалғастырып отырған бөлім оқытушылары халықаралық тәжірибені меңгеріп, цифрлық дәуірдің талаптарына сай ІТ мамандарын даярлауда көш бастап келеді.



ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE 85 жылдық мерейтойы – білім ордасының ғана емес, бүкіл еліміздің мақтанышы. Бұл мерейлі кезең жаңа табыстарға, жаңа жетістіктерге бастайтын асқар белес болсын.

Саурбек Улжан Болатханқызы «Бағдарламалық қамтамасыз ету және ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» бөлімінің меңгерушісі

Polytech – 85: ІТ-инфрақұрылым және білім жолы

85 жыл — бұл жай ғана сан емес. Бұл бірнеше буынның тарихы, мыңдаған түлек, ондаған мамандық және үздіксіз даму жолы. Сол дамудың айқын көрінісі – колледждің ІТ-инфрақұрылымының қалыптасуы мен жетілуі. Алғашқы компьютерлерден бастап, бүгінгі заманауи цифрлық білім беру кеңістігіне дейінгі жол – Polytech-тің ілгерілеуінің айғағы.

Қазіргі таңда колледж серверлік жабдықтармен, бұлтты технологиялармен, заманауи компьютерлермен, тұрақты Wi-Fi желісімен және электронды кітапханамен қамтамасыз етілген. ІТ саласын дамытуға үлес қосып отырған «Есептеуіш техника және ақпараттық желілер» бөлімінде 7 арнайы пән оқытушысы, 4 информатика пәнінің оқытушысы және 4 өндірістік оқыту шебері еңбек етуде. Бүгінде бұл бөлімде 217 студент білім алып жатыр. Олар болашақтың инфрақұрылымын жобалап, жүйелерді әкімшілендіруді және қауіпсіз желілерді құруды үйренуде.

Бөлімнің басты күші — білікті ұстаздар. Педагог-зерттеушілер Мәлікова М.С. мен Сапагова А.Т. білім беру жүйесіне жаңашылдық енгізсе, сарапшы-педагог Құрманғали Ж. студенттердің WorldSkills чемпионаттарындағы жетістіктеріне жетекшілік етіп жүр. Модератор санатындағы тәжірибелі ұстаздар Мұқашева Ш.М., Боранбаева Г.У. және Шамшиева Ш.Ш. жастардың кәсіби дамуына бағыт-бағдар беруде.

Олардың ішінде кәсіби еңбегімен дараланған тұлғалар бар. Маржан Сабырқызы – «Үздік педагог – 2015», ҚР Президентінің «Халық алғысы» медалінің иегері, Алматы қаласы әкімінің атаулы грантын жеңіп алып, оқу-әдістемелік құралдардың авторы әрі елдің кадрлық резервіне енген білікті маман. Ол жетекшілік еткен студенттер халықаралық WorldSkills аренасында талай жүлделі орынға ие болды. Құрманғали Жанайдың шәкірттері «Электроника» мен «Желілік және жүйелік әкімшілендіру» құзыреттіліктерінде үздік нәтиже көрсетсе, оның кәсіби шеберлігі Түркістандағы «Bolashak Skills-2025» чемпионатында студентінің І орын алуымен дәлелденді.

Бөлім оқытушылары халықаралық тағылымдама-



ертеңгі табыс – бүгінгі ізденіс пен жауапкершіліктің нәтижесі. 85 жылдық тарихы бар ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE – сапалы білімнің, кәсіби шеберліктің, тұрақты дамудың және болашаққа деген сенімнің нышаны.

Мұқашева Шырай Мұхитқызы «Есептеуіш техника және ақпараттық желілер» бөлімінің меңгерушісі

**Наука и спорт — опора будущего:
традиции отделения «Программное
обеспечение и системы
информационной безопасности»**

лар арқылы да тәжірибесін жетілдіріп келеді. Қытай, Малайзия, АҚШ және Корея университеттерінде білім алған педагогтар оқу процесіне жаңа әдістемелер енгізіп, студенттерді халықаралық талаптарға сай дайындауда.

Студенттердің жетістіктері де мақтан тұтарлық. Олар республикалық және халықаралық олимпиадаларда, инновациялық хакатондарда, ғылыми конференциялар мен чемпионаттарда үздік нәтижелер көрсетіп жүр. Дубайда өткен Material Science халықаралық конференциясында студент Дүйсен А.Б. «IoT жүйесіне негізделген ақылды үй» жобасын ұсынып, колледждің атын халықаралық деңгейде танытты.

Бүгінгі жетістік – кешегі еңбектің жемісі, ал

В 2025 году ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE отмечает своё 85-летие. За эти годы колледж стал настоящей кузницей кадров для экономики страны, а одним из его самых востребованных и динамичных направлений является отделение «Программное обеспечение и системы информационной безопасности».

Коллектив отделения — это команда профессионалов, чьи знания и опыт подтверждены высокой квалификацией. Среди них — педагоги-исследователи, педагог-эксперт и педагог-модератор. Их миссия выходит далеко за рамки традиционного преподавания: они готовят студентов к реальным вызовам цифровой эпохи, воспитывая в них не только профессиональные навыки, но и ответственность, инициативность и стремление к успеху. Сегодня здесь обучается 196 студентов по двум ключевым специальностям — «Программное обеспечение» по квалификации «Разработчик программного обеспечения» и «Система информационной безопасности» по квалифика-



ции «Техник по информационной безопасности». Именно они станут архитекторами цифровых технологий и защитниками информационного пространства Казахстана.

Учёба в отделении — это не только лекции и практические занятия, но и постоянное участие в олимпиадах, научных конференциях, спортивных турнирах.

Особой гордостью отделения стали успехи преподавателей. На городских конкурсах «Панорама педагогических идей» и «Умный урок» они завоевали призовые места — 1-е и 2-е. В 2022–2023 учебном году наши педагоги вошли в сборную Алматы на Республиканских спортивных соревнованиях среди преподавателей ТИПО в городе Семей, где команда столицы юга заняла почётное 1-е место. Женская волейбольная команда, в которую вошли преподаватели отделения, также стала чемпионкой страны.

Студенты продолжают традицию побед: только в 2025 году они стали призёрами городских олимпиад по математике, физике и химии, а спортивные команды колледжа регулярно занимают призовые места на соревнованиях различного уровня. Эти достижения — результат упорного труда, настойчивости и стремления к новым вершинам.

85-летний юбилей колледжа — это особая веха для всего отделения. Это не только возможность оглянуться назад и вспомнить славные страницы истории, но и повод взглянуть в будущее с уверенностью. Впереди — новые инновационные проекты, яркие научные открытия и спортивные победы, которые ещё больше укрепят статус ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE как кузницы IT-танталоу и центра воспитания гармонично развитой личности.

Карлинова Наргиза Руслановна,
заведующий отделением
«Программное обеспечение и системы
информационной безопасности»



Ұстаздыққа оралған тұлғалар



Сейтов Нұрболат Мұхитұлы - 1989 жылы Алматы кинотехникумына түсіп, 1992 жылы бітіріп, техникумның «Төменгі жиілікті күшейткіштер» зертханасына зертханашысы, 1995 жылы «Кинопроекция» зертханасының меңгерушісі, 2000 жылы сырттай оқу бөлімінің әдіскері, 2001-2004 жылдары директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, 2004-2013 жылдары колледждің «Радиоэлектроника және байланыс, Машинажасау технологиясы» бөлімінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. 2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін арнайы пән оқытушысы.



Акимов Мурат Магазович - Алматы кинотехникумында 1990–1993 жылдары «Кино-видео қондырғыларын пайдалану» мамандығы бойынша, техник-электромеханик біліктілігімен оқыған. 1993–1995 жылдары колледжде жастар ісі комитетінің төрағасы қызметін атқарған. 1996–1999 жылдары — арнайы пәндер оқытушысы лауазымында жұмыс істеген. 1999–2017 жылдар аралығында АВТ және ЭЕТ бөлімдерінің меңгерушісі, сондай-ақ директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған. Ал 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін — арнайы пәндер оқытушысы болып еңбек етіп келеді. 2010 жылы ҚР Білім министрлігінің құрмет грамотасымен, ал 2020 жылы Білім басқармасының құрмет грамотасымен марапатталған.



Абылханов Ермек Шаймуратович - 1996–1999 жылдары «Есептеу техникасы» мамандығы бойынша «техник-электронщик» біліктілігін меңгерді. 2003–2018 жылдары арнайы пәндер оқытушысы және шеберхана меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2018 жылдан бері директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары. Білім басқармасының, «Аманат» партиясының, «Ұстаз» кәсіподақ ұйымының және салалық қауымдастықтың Құрмет және Алғыс хаттарының иегері.



Сапагова Ақмарал Төлеубекқызы - 1997–2000 жылдары Политехникалық колледжде «Есептеуіш кешендер, жүйелер және желілер» мамандығы бойынша білім алып, «Техник-электроник» біліктілігін иеленген. 2005 жылдан бастап колледжде арнайы пәндер оқытушысы болып еңбек етуде. 2012–2018 жылдар аралығында сырттай бөлім меңгерушісінің міндетін атқарды. 2018–2020 жылдары арнайы пәндер оқытушысы, 2020–2022 жылдары оқу-әдістемелік бөлімінің әдіскері қызметтерін атқарған. 2022 жылдан бастап қайтадан арнайы пәндер оқытушысы қызметінде. Еңбек жолындағы жетістіктері үшін колледж директоры мен білім басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталған.



Кенбаев Дәурен Серікжанович - 1997–2000 жылдары «Машина жасау технологиясы» мамандығын оқыды. 2022 жылдан бері колледжде дене шынықтыру пәнінің оқытушысы болып еңбек етуде.

Ұстаздыққа оралған тұлғалар

Каржаубаева Кундузай Тортаевна - 1998–2001 жылдары «Есептеу техникасы мен автоматты жүйелерді программамен қамтамасыз ету» мамандығы бойынша білім алған. Колледждегі еңбек жолын 2007 жылы лаборант қызметінен бастады. 2008 жылдан бері арнайы пәндер оқытушысы. Әр жылдары кафедра меңгерушісі (2019–2021), бөлім меңгерушісі (2022–2023), ОӘБ әдіскері (2024–2025), оқу бөлімінің меңгерушісі (2025). WorldSkills чемпионатының бас сарапшысы. Халықаралық тағылымдамалардан өткен (Түркия, 2013; Ұлыбритания, 2017; Қытай, 2023). «Үздік ұстаз» төсбелгісінің, Білім басқармасының Құрмет грамоталарының және көптеген марапаттардың иегері.



Абылханова Назым Жұмахановна - 1999–2003 жылдары «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша «техник-бағдарламашы» біліктілігін меңгерді. Колледжде лаборанттан бастап (2003) арнайы пәндер оқытушысы, бөлім меңгерушісі, кейіннен директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің (2019) және Білім басқармасының (2023) Құрмет грамоталарымен марапатталған.



Мәмбетова Айгерім Советқызы - 2006–2010 жылдары «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша біліктілігін меңгерді. 2012–2018 жылдары арнайы пәндер оқытушысы, 2018 жылдан бастап өндірістік оқыту шебері. Салалық қауымдастықтың марапаттарының иегері.



Алмасқызы Мөлдір - 2010–2014 жылдары «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығында оқып, «техник-бағдарламашы» біліктілігін алды. 2020 жылдан бері өндірістік оқыту шебері, қазіргі таңда аға өндірістік оқыту шебері болып еңбек етеді.



Омарбекова Гүлдана Абдекейқызы - 2011–2015 жылдары «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша білім алды. 2018–2025 жылдары арнайы пәндер оқытушысы, қазіргі таңда әдіскер. 2019 жылы «Ұстаз» Алматы қалалық кәсіптік одағының Құрмет грамотасымен марапатталған.

Ұстаздыққа оралған түлектер



Ермекхан Жансая Маратқызы - 2012–2016 жылдары «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша оқып, «техник-бағдарламашы» біліктілігін алды. 2021 жылдан бері колледж жатақханасының тәрбиешісі. «Ұстаз» Құрмет грамотасы (2022), Салалық қауымдастықтың



Елубай Айнұр Жанатқызы - 2015–2019 жылдары «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша білім алды. 2024 жылдан бері өндірістік оқыту шебері болып еңбек етіп келеді.



Тортаева Назерке Амангельдіқызы - 2015–2019 жылдары «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығында білім алып, «техник-бағдарламашы» біліктілігін иемденді. 2023 жылдан бастап өндірістік оқыту шебері болып еңбек етуде.



Келіс Айбол Айдосұлы - 2019–2023 жылдары Алматы мемлекеттік политехникалық колледжінде «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығында оқыды. 2023 жылдан бастап колледждің зертханашы қызметін атқарды. 2022 және 2023 жылдары WorldSkills чемпионатында қатарынан екі рет 1-орынға ие болып, кәсіби шеберлігін дәлелдеді. 2024 жылдан бастап оқу-өндірістік шебер қызметін атқарып келеді. Сол жылы шәкіртін жарысқа қатыстырып, сарапшы ретінде бірге жүріп, нәтижесінде 1-орынға қол жеткізді. Сонымен қатар Қытайда өткен халықаралық Global Digital Skills чемпионатында 3D моделдеу бағыты бойынша 28 қатысушының ішінде үздік ондық қатарына енді. 2025 жылы Түркістан қаласында өткен жарыста шәкіртімен бірге тағы да 1-орын алып, Павлодарда «Номинация» жүлдесіне ие болды. Сол жылы өткен WorldSkills 2025 чемпионатында шәкірті тағы да 1-орынға қол жеткізді.



Еркінбек Батыр Дастанұлы - 2018 жылы Алматы мемлекеттік политехникалық колледжіне түсіп, 2022 жылы «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша «техник-бағдарламашы» біліктілігін алды. 2023 жылдан бастап өндірістік оқыту шебері қызметін атқаруда. Сол жылы Алматы қаласында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтері арасында өткен ІТ-саласы бойынша кәсіби шеберліктің қалалық байқауында 1-орын иеленді. Кейін Астана қаласында ұйымдастырылған республикалық кәсіби шеберлік конкурсында да 1-орын алып, өзінің кәсібилігі мен біліктілігін жоғары деңгейде дәлелдеді.

Ұстаздыққа оралған түлектер

Швецов Александр - «Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету» мамандығы, «Техник-механик» біліктілігінің түлегі. WorldSkills чемпионатының «Мехатроника» құзыреттілігі бойынша жүлдегер атанды. Олар колледждің атын республикалық деңгейде асқақтатып, мехатроника саласындағы кәсіби шеберліктерін жоғары деңгейде дәлелдеді.

Попов Андрей - «Есептеуіш техника және ақпараттық желілер» мамандығы бойынша білім алып, «Желілік және жүйелік әкімшілендіру технигі» біліктілігін иеленген. Қазіргі таңда ол колледждің ІТ саласын дамытуға өз үлесін қосып, заманауи цифрлық бағыттағы бастамаларды қолдап келеді

Кравченко Борислав - «Есептеуіш техника және ақпараттық желілер» мамандығы бойынша білім алып, «Желілік және жүйелік әкімшілендіру технигі» біліктілігін иеленген. Қазіргі таңда ол колледждің ІТ саласын дамытуға өз үлесін қосып, заманауи цифрлық бағыттағы бастамаларды қолдап келеді.

Теленова Гүлназ - 2021 – 2025 жылдары Алматы политехникалық колледжінде «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандығында оқып, «Желілік және жүйелік әкімшілендіру технигі» біліктілігін тәмамдады. Қазіргі таңда ол колледждің ІТ саласын дамытуға өз үлесін қосып, заманауи цифрлық бағыттағы бастамаларды қолдап келеді.





